



Сыр бойы



№75-76
(19558-19559)
26 МАМЫР,
СЕНБІ
2018 ЖЫЛ


ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ • 1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ • WWW.SYRBOYI.KZ



**БАЛА
ҚАУІПСІЗДІГІ
БӘРИНЕН
МАҢЫЗДЫ**



**ҰБТ:
НӘТИЖЕ
УАҚЫТ
ЕНШІСІНДЕ**



**МАРСҚА
ҰМТЫЛҒАН
МАСК**

SAPAR

БІЛІМДІ ҚОЛДАУ – БОЛАШАҚТЫ ОЙЛАУ



Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Жалағаш, Қармақшы аудандарына жұмыс сапарымен барды. Өңір басшысы әуелі Жосалы кентіндегі У.Томанов атындағы №183 орта мектептің ашылу салтанатына қатысты. Кеудесіне арман ұялаған түлектер мен олардың ұстаздарын, ата-аналар қауымын мерекелі құттықтады. Елбасының бұйлығы Жолдауында білім беру саласын жаңғыртуға үлкен мән берілгендігін атап өткен облыс басшысы бұл тарапта аймақта жаңадан бой көтерген білім нысандарының көптігін, оқушылардың жазғы демалыста тынығуына қолдау жасау секілді игілікті шаралар атқарылып жатқанын жеткізді. Сондай-ақ, түлектерге алдағы сынақтан сүрінбей өту үшін дайындықты пысықтай түсу қажеттігін айтып, ақ тілегін арнады.

– Біз алдымызға отыз өркениетті елдің қатарына кіреміз деген үлкен мақсат қойдық. Ол үшін экономика ғана емес, әрбір азаматымыз бәсекеге қабілетті болу керек. Халқымыздың асыл арманын, үкілі үмітін іске асыратын балаларымыз бәсекеге сай болуы қажет. Білімнің, кәсіби біліктілігі арқасында алда тұрған заман шақыруларына дайын болып, мақсатына жетуге мүмкіндік алуы тиіс.

Бұл орайда мемлекет тарапынан қолдау толастаған емес. Байқап қарасаңыз, қазір барлық 16 облыстың ішінде білім саласына ең көп қаржы салып отырған да Қызылорда облысы. Өйткені, білім – болашаққа бағытталған инвестиция. Алдағы уақытта сіздер білім биігін бағындырып, ел экономикасының келбетін келістіретін, электроника және нанотехнология, материалтану және ма-

териалдар технологиясы секілді заман ауанына қажетті мамандықтарды игереді деген сенімдіміз. Ең бастысы, әрбір оқушы өндіріске тікелей араласып, мықты маман ретінде қалыптасуға құш салуларыңыз керек, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі өңірде үш ауысыммен оқу жойылып, аймақ 3-6 жас аралығындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие беру мекемелерімен толық қамтылғанына да тоқталды. Осы әлеуметтік нысандардың басым бөлігі мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде салынып отыр.

Айта кетейік, жаңадан ашылған шағын аудандан бой көтерген мектеп құрылысын «Аман Құрылыс» ЖШС жүргізді. Екі қабатты ғимарат заманауи қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған. Жобаның жалпы құны – 775,5 млн теңгені құрайды.

Жаңа ғимараттың ашылу салтанатында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қаршыға Едәулетов елде осындай

нысандардың көптеп бой көтеріп жатқанына қуанышты екендігін жеткізді. Соңғы 5 жылда осы Қармақшы ауданының өзінде ғана 3 мектеп, 4 балабақша және үш дәрігерлік амбулатория салынды. Олардан бөлек, бірқатар ауылдарда клуб салынды. Сонымен қатар, қазір Төрбай би ауылында балабақша, ал аудан орталығы – Төреғамда спорт кешені салынып жатыр.

Мұнан соң аймақ басшысы Иркөл ауылдық округіндегі №12 «Самал» балабақшасының ашылуына қатысты. Жалпы құны 180 млн теңге болатын 50 орындық бөбекжайда мектепке дейінгі білім алу үшін бар жағдай жасалған. «Мега ЖТД» ЖШС салған жаңа нысанда ән, би үйірмелері мен спортзал, балалардың интеллектуалды дамуына арналған оқу бөлмелері бар. Ішкі кең, жаңа жайлы. Тәрбиешілердің барлығы дерлік жоғары білікті мамандар екен.

2-бет

БЕС ЖЫЛДА ЖЕТКЕН БЕЛЕСТЕР

Тоқтаусыз уақыт бізді тағы бір оқу жылының соңына жеткізді. Ұрпақтар алмасып, мектеп бітірушілер үшін үлкен өзгерістер қарсаңындағы жаңа кезең басталды. Кеше облыстың барлық мектептерінде «Соңғы қоңырау» салтанатты жиыны өтіп, 7113 түлек жаңа өмірге жолдана алды. Түлектердің 4821-і, яғни 67,8%-і Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысады. Өткен жылмен салыстырғанда, сынаққа қатысушылар үлесінде айтарлықтай өзгеріс жоқ. Мектеп бітірушілердің 343-і «Алтын белгіге» үміткер. Алтын ұяларынан түлеп ұшқан қыз-жігіттердің білім бәсекесінде биіктерді бағындыратынына сенімдіміз. Өйткені, соңғы бес жылдағы бұл саладағы жетістіктер, алдыңғы толқынның үлгісі кеше мектеп бітірген түлектерді қанаттандырады деп ойлаймыз.

Біздің өміріміздегі барлық игіліктердің негізгі драйвері – адам, оның білімі мен дүниетанымы. Білімге ұмтылу, үйренуге құштарлық арқылы адам баласы бейтаныс ғаламның сырларын ашады. Бұл бағытқа жұмсалып жатқан қаржы мен күш-жігер, қойылып жатқан талаптардың нәтижесі көз алдымызда. Мәселен, өткен жылы мектеп бітірген 6196 түлектің 4123-і жаңа форматтағы ҰБТ сынағынан өтіп, орташа 82,4 балл жинады. Тестілеудің орташа балы республикалық орташа деңгейден де жоғары болды. Оған қоса 397 мектеп бітіруші «Алтын белгі» алды.

«ОСЫЛАЙША, БІТІРУШІЛЕРДІҢ 97 ПРОЦЕНТІ КОЛЛЕДЖДЕР МЕН УНИВЕРСИТЕТТЕРГЕ ТҮСКЕН ЕДІ. БҰЛ – МАҚТАН ТҮТАРЛЫҚ, КЕЙІНГІГЕ ҮЛГІ ЕТЕРЛІК КӨРСЕТКІШ! БҰЛ – МЕКТЕП БІТІРГЕН ЖАСТАРДЫҢ БОЛАШАҒЫНА ЖОСПАР ҚҰРҒАНЫН, ОНЫ ОРЫНДАУҒА БЕТ АЛҒАНЫН АЙҚЫНДАЙТЫН КӨРСЕТКІШ! БҰЛ – ЖАСТАР ӨЗ КҮШ-ЖІГЕРІН ТЕК БІЛІМ АЛУҒА ҚАРАЙ БАҒЫТТАҒАНЫНА, ОЛАРДЫҢ ЖАТ АҒЫМДАР

ЖЕТЕГІНЕ КЕТПЕЙТІНІНЕ КЕПШІ БОЛАТЫН КӨРСЕТКІШ! ЕГЕР ЖЫЛ САЙЫН ЖАҢА ӨМІРГЕ ҚАДАМ БАСҚАН ЖАСТАР ОСЫЛАЙША ТҮТЕЛГЕ ЖУЫҚ ОҚУМЕН ҚАМТЫЛСА, ОЛАРДЫ БОЛАШАҚ МАМАНЫДЫҒЫН ИГЕРУГЕ ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР ОЙЛАНТСА, ӨМІРДЕН ОРЫН ТАППАЙ ҚАЛУ, БЕЙМӘЛІМ ТОПТАРҒА ҚОСЫЛУ СЫЯҚТЫ КЕЛЕНСІЗДІКТЕР ӨЗ-ӨЗІНЕН ЖОЙЫЛАР ЕДІ. БҰЛ ТҮРҒЫДА ОБЛЫС ӘКІМІ ПАРАСАТТЫ ПАЙЫМДЫ ӨРКЕЗ ЖАСТАР ЖАДЫНА СІҢІРІП КЕЛЕДІ.

Әлемдегі ақпараттық технологияның батылысы мұнай мен газға, табиғи байлыққа сүйенген кезеңнен біртіндеп өтіп бара жатқанымызды түрлі дәлелдермен нақтылай түседе. Жаңа ғасыр – ақпараттық, цифрлық технологияларды, техникалық прогресті игерген адамдардың ғасыры болатынын айқындауда. Осы тың бағыттың туын көтерген бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау – уақыттың да, еңбек нарығының да талабы.

3-бет

DAMU

СОЛ ЖАҒАЛАУ: ҚҰРЫЛЫС САПАСЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев бейсенбі күні Сырдарияның сол жағалауындағы жаңа қала құрылысымен танысып, сапа мәселесі қатаң бақылауда болатынын ескертті.

Бүгінде мұнда қуаттылығы 32 мВт болатын жабық трансформаторлық қосалқы станция салынып бітті. Бұл сол жағалаудағы тұрғын үйлер мен әлеуметтік-мәдени нысандарды электр қуатымен қамтуға жеткілікті. Құрылыс барысында экологиялық таза әрі құрғақ трансформаторлардың қолданылуы нысанды өрт қаупінен қорғайды. Себебі, олардың құрамында май жоқ әрі артық кернеуге төзімді. Нысан цифрлық технологияның көмегімен басқарылады.

– Қосалқы станция -40, +40 градус температурада да жұмыс істейді. Бұл Қызылорданың ауа райында өте маңызды. Мұнда диспетчерлік басқару, байланыс каналдары арқылы телеақпарат жіберу, электр қуатын тұтыну есебі сияқты жағдайлар қарастырылған, – дейді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Медет Усаин.

Одан кейін облыс әкімі сол жағалауда салынып жатқан «Болашақ» университетінің студенттер қалашығына барды. Құрылыс іргетасы бытыр, қыркүйек айында қаланған болатын. «Болашақ» университетінің ғылыми жетекшісі,

экономика ғылымдарының докторы, профессор Бакберген Досманбетов аумағы 10,8 гектарды алып жатқан қалашықта 12 қабатты әкімшілік ғимараты, оқу корпустары, студенттер сарайы, клиникалық құралдармен жабдықталған медициналық «Болашақ» колледждерінің ғимараты, балабақша, дендросаябақ пен мегаорталық орналасатынын айтты.

Аталған құрылыс объектілерінің жұмысымен танысқаннан кейін аймақ басшысы Сырдарияның сол жағалауын игеру жөніндегі штабтың көшпелі отырысын өткізді.

Бүгінде жоба аясында жұмыс қарқын алды. Атшаптырым аумақ мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі аясында игеріліп жатыр.

– Өткен күзде аймаққа жұмыс сапарымен келген Мемлекет басшысы Қызылорда қаласының Астана үлгісімен қарқынды дамып келе жатқанына куә болған еді. Осында салынып жатқан, салына бастаған нысандардың құрылысын белгіленген уақытта аяқтау үшін бәріміз біркісідей жұмылуымыз қажет. Өрине, бұл бағытта шешімін күткен мәселелер әлі де бар. Алайда, жаңа қала құрылысында ештеңеге қарамастан, кідіріс болмауы керек, – деді облыс әкімі.

Сырдарияның бос жатқан бөлігін игеруге үлес қосушылардың бірі – «Трайд Роуд» ЖШС. Серіктестік өкілінің айтуынша, құрылыс компаниясы сол жағалауда 4 жобаны қолға алды. Олардың

қатарында 2 сауда кешені, төрт жұлдызды қонақүй мен автосалон бар. Бүгінде сауда кешендері орналасатын жер телімдері анықталды. Қалған нысандардың қайда салынатынын тиісті шаралардан кейін белгілі болмақ.

Штаб жиынында облыс әкімінің кеңесшісі Нажмадин Шамұратов жобаны іске асыру барысындағы кемшіліктер мен мәселелерге тоқталды. Мысалы, 1,6 шақырым жерге асфальт төселгеннен кейін ғана коммуникациялық инфрақұрылым желілерін жүргізу қажеттілігі туындаған. Ал бұл тегістелген жолды қайтадан бұзуға, бұддәруге әкеп тіреді.

– Осылайша қаншама еңбек рәсуа болып, бюджет қаржысы тиімсіз жұм-

салады. Мұндай кемшіліктер соңында проблемаға айналуы мүмкін. Сондықтан құрылыс талаптары түгел орындалуы тиіс, – деп атап өтті Нажмадин Шамұратов.

Сол жағалауда көп ұзамай республикалық бюджет есебінен тағы да біршама тұрғын үй салына бастайды. Көшпелі жиын қорытындысында аймақ басшысы бірегей жобаға Елбасы ерекше мән беріп отырғанын айта келе, жауапты сала басшыларына жаңа қала салу ісіне барлық мүмкіндікті, күш-жігерді жұмылдыруды тапсырды.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы».



БІЛІМДІ ҚОЛДАУ – БОЛАШАҚТЫ ОЙЛАУ

1-бет

Ауылдың бұрынғы балабақшасы осыдан 20 жыл бұрын жабылып қалған. Кейінірек, дәлірек айтсақ, 2004 жылы аудан басшылығының ұйғарымымен

Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес, 2020 жылға дейін бүлдіршіндер мектепке дейінгі мекемелермен қамтамасыз етілуі тиіс болатын. Осыған қарап, бұл өзекті мәселе біздің өңірде мерзімінен бұрын шешімін тапты деп мақтанышпен айта аламыз.

бағдарламасы шеңберінде баламалы энергия көздерін пайдалану және оазистік суару жұмыстарын қолға алған. Жанашыл жоба құны – 800 мың еуро. Жылдан-жылға қуат алып, еңбек өнімділігін арттыруды көздеп отырған серіктестікте осындай серпілістер бар. Елбасы




қайта ашылған тәлім орталығы әкімшілік теңгерімдегі көне ғимаратты паналапты. Күні бүгінге дейін ескі балабақша қиындығын тартып келген тәлімгерлер енді жана нысанда жұмыс істейтін болады.

– Бала тәрбиесінде, оларды үлкен өмірге дайындауда балабақшаның ролі зор. Соны ескеріп, бізге осындай қуаныш сыйлаған ел ағаларына алғысымыз шексіз. Өте қуаныштымыз. Қызым енді осында тәрбиеленетін болады. Бұл орайда ел ағаларына, облыс басшылығына ризашылығымызды білдіремін, – деді ауыл тұрғыны Еркін Қосбергенов.



Осы күні облыс әкімі Жалағаш ауданы, Таң ауылдық округіндегі «Таң ЛТД» ЖШС-на қарасты «Манақ баба» шаруа қожалығының жұмысымен танысып, оң бағасын берді. Қоғалық бүгінде БҰҰ

дәстүрлі Жолдауларында еңбек қоғамына бейімделудің маңыздылығын жиі алға тартады. Біз де бүгін елдік мүддені орындауда адал еңбектің алғашқы орында тұратынына қарапайым өмірден



алынған нақты дәлел арқылы көз жеткізгендей болды. Мәлімді ҚАЛЫМБЕТ. «Сыр бойы». БЕСЖАНОВ. (сурет).

«СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ»

ТҮЛЕКТЕР ЖАҢА БЕЛЕСКЕ ҚАДАМ БАСТЫ

Қаладағы №4 С.Сейфуллин атындағы орта мектеп түлектері үшін де «Соңғы қоңырау» салтанаты ерекше көңіл күйде өтті.



Жалаушалар, қызыл-сары түсті гүлдер және түрлі түсті шарлармен безендірілген мектеп ауласы, аспана әуеленген мектеп бітірушілердің көңілді әуені жылыңдарға айрықша әсер етер сөзсіз. 758 бала оқитын білім ұясы биыл 54-ші рет түлектерін ұшырауда. Яғни, мектепті биыл 29 бала бітіруде екен. Олардың арасында бір «Үздік аттестатқа» үміткер бар.

Салтанатты жинға қатысқан облыс әкімінің орынбасары Қуанышбек Ысқақов мектеп түлектері мен ұстаздар, ата-аналар қуанышына ортақтасып, жылы лебізін арнады.

– Бүгінгі мерекемен баршаныңды құттықтаймын. «Соңғы қоңырау» мектеп бітіруші түлектер үшін үлкен өмірге жолдама беру ғана емес, сонымен бірге оқу жылында жеткен жетістіктеріміз сараланатын үлкен жауапкершілікке толы кезең. Білімді ұрпақ – ел болашағы. Осы орайда облысымыз әлеуметтік салаға, оның ішінде білім беру саласына қаржы бөлумен республикада алдыңғы қатарда келе жатыр. Соңғы жылдары білім саласын дамытуда нақты әрі тиімді жетістіктерге қол жеткіздік. Бүгінгі күні облыс әкімінің қолға алуымен 452 түлегіміз Мәскеу мен Санкт-



Петербургтің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында білім алуға. Сондай-ақ, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың талапты балалары жергілікті бюджет есебінен облыс әкімінің грантымен жоғары білім алуға, – деп атап өткен Қуанышбек Ысқақов жас түлектерге сәттілік тіледі және осы мектептің 10-сынып оқушысы, «Сыр дарыны» медалінің иегері, республикалық олимпиада жүлдегері Фаридә Ізбасароваға облыс әкімінің Алғыс хатын табыстады.

Өз кезегінде бітіруші түлектерді мектеп директоры Ақгүл Алтынбекова құттықтап, ізгі тілегін білдірсе, балаларының 11 жыл бойы білім нәрімен сусындан, үлкен өмірге қалам басуына еңбек сіңірген мұғалімдерге, мектеп ұжымына ата-аналар да алғыстарын айтты.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы».

Кеше облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов №2 «Мұрагер» мектебінде өткен «Соңғы қоңырау» салтанатына қатысты. Жыныда барша мектеп бітіруші түлектерді құттықтап, білімді, биік парасатты және еліміздің үлгілі азаматы болып өсуіне тілектестік білдірді.

– Бүгінгі күн түлектерді шығарып салатын уақыт емес, бұл бір жылдық оқу жылын таразылап, алдағы бағыт-бағдарды межелейтін уақыт. Тәуелсіздік алған жылдан бері еліміз білім сапасына үлкен мән беріп, Елбасы тәуелсіз елдің іргесін қалауда алдымызға біртұтас міндеттер қойды. Осы ретте біздің аймақ Ұлт Кошбасшысы жүктеген мезені бағындыра білді. Мәселен, облысымызда 3 аусымдық мектептер толығымен жойылса, соңғы екі жылда апатты жағдайдағы мектептер өз шешімін тапты. Сондай-ақ, мектепке дейінгі үшін ашық кеңістіктер жасауды көздеп отырғандығын атап өтіп, бірігіп жұмыс жасауға шақырды.

Семинарда Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасының директоры Нұржамал Мырзамұратова бірінші онлайн кітапхана жүйесін қалыптастыру, кітап қорларын электронды форматқа көшіру бағытында өңірмізде қолға алынған жұмыстарды атап өтті.

Ш.АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ.

бірден-бір аймақ. Мұның барлығы жастарға жасалған зор мүмкіндік. Араларыңызда осындай білімді жастардың, түрлі грант иелерінің бар екендігін естіп, қуанып отырмын. Осы білімдеріңіз арқылы сіздер еліміздің үлгілі азаматы болды деп сенемін, – деді Р.Рүстемов.

Биыл бұл мектептен 107 оқушы түлеп ұшпақ. Түлектердің бірте-бірте жоғары оқу орындарының грант иегерлері болып үлгерген. «Соңғы қоңырау» соғу ретінде білімнің жас, грант иегері Ақпан Дінмұхаммед пен 1-сынып оқушылары Мансұр Қалдан және Ақтоқты Нұрмановаға бұйырды. Жыны барысында бітіруші түлектер ұстаздарына алғыстарын жеткізіп, көкке шарлар ұшырды. Сондай-ақ, мектеп вальсін биледі.

– Бүгін – мен үшін өте маңызды күн. Үлкен тебіреністе тұрмын.

Қалтай Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясында өткен «Соңғы қоңырау» салтанатына қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысты.



Білім ошағының іргесі 1918 жылы мұсылман мектебі ретінде қаланған.

Өр дәуір талабына сай түрліше атауға ие болған білім ошағына 2003-2004 оқу жылында ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес жазушы, драматург, осы мектептің түлегі Қалтай Мұхамеджановтың аты берілді.

Тасарлық тарихында білім нәрімен талайды сусындатқан бұл мектеп халық құрмет тұтқан тарландарды тудетті. Қоғам және мемлекет қайраткері, академик Шахмардан Есенов, медицина

саласының майталманы Тұрғанбай Маханов, қоғам қайраткері Әбілқалып Бәкір, ұлағатты ұстаз Сейіткасым Жүнісов осы білім ұясының түлектері.

Бүгінде білімнің қара шаңырағы саналатын мектепте 1 мың 221 шәкірт білім алып, 115 мұғалім осы оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие береді.

Тасарлық тарихында білім нәрімен талайды сусындатқан бұл мектеп халық құрмет тұтқан тарландарды тудетті. Қоғам және мемлекет қайраткері, академик Шахмардан Есенов, медицина

Жыныда биыл 100-түлектерін ұшырып отырған мектеп ұжымына

қала басшысы өз тілегін жеткізді. – Білімнің басты өлшемі – сапа. Осы талапқа сай қала мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайту, білім беру сапасын арттыру, жана технологияларды ендіру бағытында ауқымды жұмыстар жасалауда.

Жасалған қолдаулар мен ұстаздар қауымының тынымсыз еңбектері арқасында бытырғы оқу жылында 1 мың 739 мектеп бітіруші түлектің ішінде 581 оқушы мемлекеттік грант иегері атанып, 107 бала «Алтын белгі», 102 түлек «Үздік аттестат» иегерлері атанды. Мұнан бөлек, ең үлкен жетістігіміздің бірі – 2014 жылдан бастап аймақ басшысы Қырымбек Елеуолының қолдауымен Қызылорда қаласынан 346 бала Ресей Федерациясының белелді оқу орындарында білім алуға.

Биыл осы жастарымыздың ішінде 64 түлек оқуын аяқтап, алған білімі мен жинаған тәжірибесін туған жерді түлетуге жұмсап, елдің ертені үшін қызмет ететін болады.

Қазіргі жанылығы желмен жарысқан, ой-өрісі гәрішпен таласқан жаңғар заманның басты тірегі талабы білім жолындағы тынымсыз талпыныс пен үздіксіз ізденіс екендігін есте сақтандық.

Өңірміздің абыройын асқақтатар өрен ұрпақ ретінде танылып, біткен көрнінізінде, – деген қала әкімі ұстаздар қауымына да зор алғысын жеткізді.

Салтанатты шара соңында қала басшысы мектеп-гимназияның тарихынан сыр шертер жана мұражай жұмысымен танысты.

М.АҚЫН.

ПАРТИЯЛЫҚ ЖОБА

Қызылордалық нұр-отандықтар «Қазақстанның кітапханалары» атты жаңа партиялық жоба аясында кітапханашылар үшін арнайы семинар өткізді.

«Кітапханада жайлы ақпараттық орта қалыптастыру: жанаша мүмкіндіктер» тақырыбында ұйымдастырылған семинарға партияның облыстық филиал басшылығы, жергілікті мәслихаттағы фракция мүшелері және аумақтық кітапхана жетекшілері мен қызметкерлері қатысты. Жылдан-жыл алдымен кітапхана жанындағы IT орталықтың жұмысымен танысты. Ақпараттық технологияны

дамытуға арналған бұл алаңда аймақтың жетекші программистері бірігіп жұмыс жасайды. Ол үшін коворкинг, әңгімелесу, демалыс аймағы, жекеленген жұмыс жасауға арналған орындар, 2 конференцзал, 3D студия және технологиялар қарастырылған. Работотехникаға арналған арнайы орындар да бар. Парк жұмысымен танысқан облыстық партия филиалы торағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожаев орталық жұмысының тиімділігін атап өтті.

– Жалпы IT парктер «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру аясында ашылып жатыр. Парк жұмысының мақсаты да Қызылордада IT мамандарды шоғырландыру. Оларды цифрландыру жөніндегі нақты жобаларға

жұмылдырып, мүмкіндіктерін шыңдау, – деді ол.

Мұнан соң жиналғандар семинар алаңында бас қосты. Мұнда Ибадулла Құттықожаев Партия торағасы Н.Назарбаевтың партия қызметін жаңғырту жөніндегі тапсырмасы бойынша қолға алынған жаңа партиялық жобаларды кенінен таныстырды. Соның ішінде кітапханалар жұмысы да партия назарынан тыс қалмағандығын айтып, кітапхана қызметкерлерін бір қуанытты қойды.

Биылдан бастап партия бастамасымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақстанның кітапханалары» атты жаңа жоба қолға алынды. Бұл жоба аясында еліміздегі кітапханалар заманауи білім орталығы ретінде

қайта құрылып, кітап қорының электронды нұсқалары дайындалатын болды. Бұл өз кезегінде барлық мектептердегі және университеттердегі кітапханаларды бірінші онлайн кітапханаға қосу, интернетке қол жеткізу, қазіргі заманғы кітаптарды оқу мен сату үшін ашық кеңістіктер жасауды көздеп отырғандығын атап өтіп, бірігіп жұмыс жасауға шақырды.

Семинарда Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасының директоры Нұржамал Мырзамұратова бірінші онлайн кітапхана жүйесін қалыптастыру, кітап қорларын электронды форматқа көшіру бағытында өңірмізде қолға алынған жұмыстарды атап өтті.

Ш.АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ.

NAZAR

ҚОҒАМҒА ҚАЗЖЕТТІ АҚЦИЯ

Жалпы өлім-жітімнің 52 процентін құрайтын жүрек-қан тамыры аурулары әлемнің көптеген дамыған елдеріндегі басты проблеманың біріне айналып отыр. Статистикаға сүйенсек, жыл сайын әлем бойында 17,5 млн адам жүрек-қан тамырлары ауруларынан

көз жұмалы екен. Мамандар, әсіресе, соңғы жылдары инфаркт пен инсульттен болатын өлім тым жиілеп кеткенін айтып, дабыл қағуда.

Осы орайда қала орталығындағы А.Тоқағанбетов атындағы мәдениет үйі алаңында «Қызыл түлек

киім!» ұранымен акция өтті.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру және қанайналым жүйесі ауруларының алдын алу жөніндегі «2018-2021 жылдарға арналған облыстық іс-шаралар жоспары» аясында алғаш рет өткізілген шараның ұйымдастырушылары – облыстық денсаулық сақтау басқармасы мен жастар жүрек-қан тамыры ауруларының орталығы. Акция аймаққа танымал әйелдердің (әнші, спортшы, дәрігер, саясаткер, т.б.) қатысуымен өткізілді.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ақмарал Әлнарзорова акцияның мақсаты мен маңызына тоқталып, атаған шараның алдағы уақытта қала жалғасын табатынын айтты.

– Бүгінгі шараның мақсаты – облыс тұрғындарының назарын өлім-жітімнің негізгі себептерінің бірі болып табылатын – жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алуға, уақытылы дәрігерлік тексерулерден өтуге, денсаулыққа көңіл бөлуге шақыру. Акция бастамашылары облысымыздың

түрлі салаларының белсенді азаматшалары. Себебі, Әйел-Ана – отбасында өзінің, жақиндарының денсаулығына, дұрыс тамақтануына көңіл бөліп, зиянды әдеттерден аулақ болуға шақырушы жанашыр жан. Олар қызыл түске киіну арқылы аталған мәселеге қоғам назарын аударуды мақсат етеді. Өйткені, қызыл түс – дабыл белгісі. Бұл шара бүгіннен бітпейді. Акция дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын болады, – деп атап өтті басқарма басшысы.

Акция барысында фотокөрме ұйымдастырылып, медициналық қалашық жасакталды. Онда тұрғындардың қандағы қант, холестерин мөлшері тексеріліп, қан қысымы өлшенді, дәрігерлік кеңестер беріліп, ақпараттық-насихаттық материалдар ұсынылды. Белсенді жастар жүрек-қан тамыры ауруларының зардаптарын флеш-моб арқылы түсіндіріп, аурудың алдын алуға шақырды.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы».



БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Автокөліктер саны өскен сайын жол апаттары арта түсеуде. Жол-көлік оқиғалары жөніндегі деректерге зер салсақ, қаланың жерлерде жаяу жүргіншілердің кінәсінен болатын оқиғалар саны едәуір көп. Оның ішінде жас балалардың апатқа жиі ұшырап жататынын алаңдатады.

Әдетте біз балаларға «Жолдан абайлап өт!», «Жүгіріп өтпе!» деген ескертулермен ғана шектелеміз. Бұл – өрине, жеткіліксіз. Кез келген мектеп оқушысы жолдағы кездесетін қиындықтарды білуі тиіс. Мәселен, жол қиындыстарынан өту, жол белгілерін білу, жаяу жүргіншілер жолынан өту, т.б. Ол аны ата-ана, үлкендер үйретуі керек. Осы орайда, облыста жазғы

демалыс қарсаңында балалардың жол-көлік оқиғаларынан жаракаттануының алдын алу, көшелер мен жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрысы дағдыларын нығайту мақсатында жергілікті атқарушы орган, денсаулық сақтау, білім беру басқармаларымен, салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі аумақтық орталық және мүдделі азаматтық қоғам институттары бірлесіп, 1-31 мамыр аралығында «Балалардың жолдағы қауіпсіздігі» атты кең ауқымды республикалық акциясы өткізілді.

Акцияның алғашқы күні қалалық демалыс паркінде жергілікті полиция қызметкерлері жол қозғалысының жас инспекторлары қатысуымен «Баяу қоз-

ғал!», «Балалардың өмірін сақтайық!» тақырыбында шара ұйымдастырды. Оның барысында жол қозғалысының жас инспек-

торлары жол ережелерін сақтау және жолда қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі бойынша қала тұрғындарына түсіндірме жұмыс-



тарын жүргізіп, ата-аналар мен көлік жүргізушілеріне сауалдар мен сұрақтар қойды.

Шара соңында балалардың қатысуымен орын алатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу, болдырмау мақсатында алыстан жарыққа белгі беретін лента тағып жүрулері керектігі жөнінде кеңес бері отырып, балалар мен олардың ата-аналарына таратты.

Сонымен қатар, «Жүргізуші, біз өмір сүргіміз келеді» деген ұранмен жол қозғалысының жас инспекторлары жаяу жүргіншілер жолағына шығып, жүргізушілер арасында насихаттау шараларын жүргізіп, жолда жүру мәдениетін сақтауға, барлық жол қозғалысы қатысушыларының қауіпсіздігін

қамтамасыз етуге шақырды.

Одан бөлек, Қ.Қарақозов атындағы №235 мектепте «Жолда жүру ережесін сақтаймыз!» атты тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Тәрбие сағаты барысында оқушылар жол ережелері бойынша өз білімдерімен бөлісіп, оған қатысты өздерінің ән шумақтары мен өлеңдерін айтып көрсермендерін қуантты.

Сонымен қатар, «Жол ережелерінің үздік бітіргі!» тақырыбында сурет салудан сайыс өткізіліп, жеңімпаздары анықталып, ОИД Жергілікті полиция қызметінің алғыс хаты мен сыйлықтарға ие болды.

Шынар БЕКБАН, «Сыр бойы».

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 20-сессиясы 2018 жылғы 1 маусымда сағат 10:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Сұлтан Бейбарыс к., 1) мәжіліс залында ашылады және сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. «2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №157 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

2. Қосымша мәселелер. Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырысы 2018 жылғы 31 мамырда сағат 16:00-де, тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы сағат 17:00-де өткізіледі.

Облыстық мәслихат.



"Syr boiy" gazetiniñ arнай beti

ҰБТ: НӘТИЖЕ УАҚЫТ ЕНШІСІНДЕ



Облыста оқу жылының басынан мектеп бітірушілерді Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындау кешенді түрде жүзеге асырылып келеді. Оның бір көрінісі – әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балалары үшін тегін сынама тестілеуден өтуге жергілікті бюджеттерден 18,2 млн теңге қаржы қаралып, қолдау көрсетілді. Сондай-ақ, облыс көлемінде орналасқан жыл бойы жұмыс жасайтын лагерлерде тестілеуге қатысушылардың 94%-і арнайы дайындықтан өткізілді. Бүгінгі таңда облыстағы 9 тестілеу пункті Ереже талаптарына сәйкес, қажетті құралдармен толық жабдықталған. ҰБТ өткізуге дайын, Әйтсе де, шешуші сынақтың жай-жапсарын жете түсінуде жұрт неі білугі тиіс. Осы орайда облыстық білім басқармасының басшысы М.Мелдәбековамен сұхбаттасқан едік.

– Майра Тұрғанбайқызы, білуімізше, мектеп бітірушілердің бірақтары екі сынақ күні тұр. Осы орайда қорытынды аттестаттау мен ҰБТ жөнінде айтсаңыз...
– Қорытынды аттестаттау дегеніміз, бұл – орта білім туралы аттестат алу үшін жалпы мектеп бітірушілер тапсыратын емтихан. Ал ҰБТ-ны жоғары оқу орындарына түсуге ниет білдірген талапкерлер тапсырады. Сонымен қатар, қорытынды аттестаттау барлық мектептерде өтеді. ҰБТ жылдағы облыс аумағындағы 9 Ұлттық бірыңғай тестілеу пунктіне өткізіледі. Нақтырақ айтсақ, ҰБТ тапсырып, қажетті балл жинаған түлектер мемлекеттен бөлінген гранттарды иеленіп, қалаған жоғары оқу орнына түседі. Бұл шешуші сынақ 20 маусым мен

1 шілде аралығына белгіленген.

– Қорытынды аттестаттау қай уақытта, оған қанша оқушы қатысады?
– Қорытынды аттестаттау 9-сыныптар үшін 28 мамыр – 8 маусым аралығында, 11 сыныптар үшін 29 мамыр – 8 маусым аралығында өтеді. Облыс бойынша негізгі мектепті 11135 оқушы бітіретін болса, олардың 1133-і денсаулығына байланысты босатылған, 4-і спорттық жарыстарға қатысады. Ал орта мектепті бітіретін 7113 оқушының 42-сі денсаулығына байланысты емтиханнан босатылып отыр.

– Бұл аттестаттауда мектеп бітірушілер қай пәндерден сынақ тапсыратын болады?
– Қорытынды аттестаттау бойынша 5 пәннен емтихан тапсырады.

– Оның 4-і міндетті ана тілі, екінші тіл (орыс мектебі қазақ тілінен, қазақ мектебі орыс тілінен тапсырады), алгебра және анализ бастамалары, Қазақстан тарихы және 1 таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шетел тілі) бойынша тапсырады.

– Егер бітіруші емтихан қорытындысымен келіспеген жағдайда не істейді?
– Ондай жағдайда емтихан қорытындысы жарияланғаннан бастап келесі күні 13:00-ге дейін аудандық қалалық білім бөлімдеріне немесе облыстық білім басқармасына хабарлауы қажет.

– Ал қорытынды аттестаттаудан өте алмаған оқушыларға мынадай мүмкіндіктер бар:
1. Емтиханнан 1 немесе 2 пәннен төмен баға алған 9-11 сынып оқушылары сол пәндерден емтиханды қайта тапсыруына болады.

2. Қорытынды аттестаттау кезінде 9-сынып оқушысы 3 сабақтан төмен баға алған болса, онда сол сыныпта келесі жылға оқуға қалдырылады.

3. Ал аталған емтиханнан 11-сынып оқушысы 3 немесе одан көп сабақтан төмен баға алған жағдайда аяқталмаған орта білім алғаны жөнінде анықтама беріледі. Бұл жағдайда олар келесі жылы облыстық білім басқармасының келісімімен, аудандық білім бөлімдері белгілеген уақытта қорытынды аттестаттаудан қайта өтеді.

– Ұлттық бірыңғай тестілеуге қанша оқушы қатысады? Сондай-ақ, биылғы ҰБТ-ның шарттары қандай?
– Ұлттық бірыңғай тестілеуге облыс бойынша 7113 мектеп бітіруші түлектің 4821-і, яғни 67,8%-і қатысады деп күтілуде. Ұлттық бірыңғай тестілеу бойынша талапкерге 5 пәннен 140 балды құрайтын 120 сұрақ беріледі. Оның 3-і міндетті (оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, тарих) және талапкердің жоғары оқу орнына тапсыратын мамандығына байланысты 2-і бейінді бойынша қарастырылған. Сонымен қатар, қажет болған жағдайда 2018 жылғы тамыз айында және 2019 жылдың қантар айында ҰБТ-ны ақылы негізде қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі. Шекті балл – 50-ді құрайды.

– Негізгі және бейінді пән дегенді қалай түсінеміз?
– Негізгі пәндеріміз – математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы, Қазақстан тарихы. Ал екі бейінді пән, ол – бітіруші түлек, яғни абитуриенттің қалаған ЖОО-ға түсуіне сәйкес таңдалған пәні. Айталық, егер абитуриент техникалық мамандықты таңдаса, ол физика және математика пәнінен, егер медициналық мамандықты

таңдаса, ол биология және химия пәнінен емтихан тапсырады.

– Биылғы жылы қанша «Алтын белгі» үміткері бар?
– Бітіруші түлектердің 343-і «Алтын белгіге», 227-сі «Ұздік аттестатқа» үміткер. Олардың білімдері қорытынды аттестаттау нәтижесімен бағаланып, мектеп қабырғасында марапатталады. Ал жоғары оқу орындарына түсуге ниет білдірген түлектер Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысатын болады. Айтпа кетейік, өткен жылы «Алтын белгіге» үміткерлер саны – 397, «Ұздік аттестатқа» үміткерлер 208 болатын. Байқап отырғанымыздай, өткен жылмен салыстырғанда, биыл «Алтын белгіге» үміткерлер қатары азайған, есесіне «Ұздік аттестатқа» үміткерлер саны артқан.

– Жоғары оқу орнына түскен жағдайда «Алтын белгі» иегері мен қатардағы мектеп бітіруші бірдей балл жинаса немесе қатардағы бітіруші түлек «Алтын белгі» иегерінен жоғары балл жинаған жағдайда олардың қайсысына басымдық беріледі? Нақтырақ айтсақ, мемлекеттік грантты қайсысы иеленеді?
– Егер «Алтын белгі» иегері мен қатардағы бітіруші бірдей балл жинаған болса, мемлекеттік грантты «Алтын белгі» иегері иеленеді. Ал егер қатардағы бітіруші «Алтын белгі» иегерінен жоғары балл жинаса, онда мемлекеттік грантты сол, яғни, жоғары балл иесі жеңіп алады.

– Жоғары оқу орындарына және Ұлттық ЖОО-ға түсуге төменгі балл қанша?
– Жоғары оқу орнына түсуге төменгі балл – 50, ал Ұлттық ЖОО-ға түсу үшін төменгі балл – 65.

– Емтихан тапсыратын түлектер арасында ерекше қамқорлықты қажет ететін, яғни, үйден оқылатын қанша оқушы бар? Олар емтиханды қалай тапсырады?
– Облыс бойынша осы санаттағы оқушылар 9-сыныпта 230, ал 11-сыныпта 87. Оның ішінде үйден оқылатын оқушы – 150. Бұл оқушылардың барлығы денсаулығына байланысты емтихандардан босатылған.

– Егер бітіруші түлек шекті балды ала алмаған жағдайда ҰБТ сынаған қайта тапсырып, ақысыз ЖОО-ға түсуіне мүмкіндігі бар ма?
– Жоқ. Оған ешқандай мүмкіндік жоқ. Егер бітіруші түлек 50 балды жинай алмаса, ол ҰБТ-ны ақылы негізде қайта тапсырып, ақылы негіздегі жоғары оқу орнына түсе алады. Ал ақылы негіздегі ҰБТ 2018 жылдың тамыз айында және 2019 жылдың қантар айында өтеді деп жоспарланып отыр.

– ҰБТ кезінде республикалық және халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздарына қандай да бір жеңілдіктер қарастырылған ба?
– Жоқ. Биылғы жылдан бастап оларға ешқандай жеңілдіктер қарастырылмаған. Олар да жалпы бітірушілермен бірдей ҰБТ тапсырады.

– Сұхбатыңызға рахмет! Соңғы жылдары аймақ түлектері республика бойынша алдыңғы бестіктен көрінген болатын. Биылғы жылы да түлектеріміздің алар асуы биік болсын!

Сұхбаттасқан **Ғазиза ӘБІЛДА**, «Syr boiy».



ЖАСТАРДЫ ЖІГЕРЛЕНДІРГЕН ЖҮЗДЕСУ

Жақында Ресейдің Мәскеу қаласында өткен «Адам – Жер – Ғарыш» деп аталатын қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша ғылыми – зерттеу жобаларының 19-Жалпыресейлік «Созвездие» олимпиадасына қатысып, жеңімпаз болдым. «Созвездие» олимпиадасы экологиялық бағытта ойлайтын, сауатты, эстетикалық талғамды және қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шараларға ұмтылысы бар тұлға қалыптастыруды мақсат еткен.

Сапар барысында туған өлкем – Қызылордадан мыңдаған шақырым қашықта болғаныммен, сондағы жаңа ортама, өзге елден келген жаңа достарыма Қызылордамыз, Қазақстанды таныстырып, дәріптеумен болдым. Ғылыми жобамды қорғау, барысында қазылар алқасына Маржан Жұмбаевтың «Туған жер» өлеңін оқып бердім. Залда отырған әр елдің озық ойлы, озат жасөспірімдері қошемет көрсетті. Мәскеу қаласына аттанар алдында отбасыма, достарыма міндетті түрде жеңімпаздар қатарында көрінемін деп үздік берген болатынымыз. Үзәлді орындап, тиесілі орнымды алып қайттым.

Осы аптада ОБЛЫС ӘКІМІ ҚЫРЫМБЕК КӨШЕРБАЕВТЫҢ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК ОЛИМПИАДА, ҒЫЛЫМИ ЖОБА КОНКУРСТАРЫНЫҢ ЖҮЛДІГЕРЛЕРІМЕН КЕЗІССҮНДІ БӨЛДІМ. ОБЛЫС БАСШЫСЫ ЗАМАНАУИ ӘЛЕМДЕ ЕЛДІҢ ҚУАТЫ ЕҢ АЛДЫМЕН АЗАМАТТАРЫНЫҢ БІЛІМІМЕН ӨЛШЕНЕТІНІ АЙТТЫ. ЖАСТАРҒА УАҚЫТ ТАЛАБЫНА СӘЙ, ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА СУРАҒЫСҚА ИЕ МАМАНДЫҚТАРДЫ ІГЕРУ ТУРАЛЫ ҚАНША БЕРДІ, КЕЗДЕСУГЕ КЕЛГЕН БАРША ҚАТАРІАСТАРЫМ СЫЯҚТЫ МЕН ДЕ ОДАН ӨРІ ШЫНДАЛУ, ЗІДЕНІС ПЕН ОҚУ-ҮЙРЕНУДІ ЖАЛҒАСТЫРУ КЕРЕКТІГІН ОЙЫМА ТОҚЫДЫМ.

Келесі жылы мектеп бітіремін. Алға мақсат қойып, оған жету үшін жоспар жасайдым. Мақсатым – М.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетіне оқуға түсу, қалаған мамандықты иегері болуым, маған сенім артқан ұстаздарымның үмітін ақтау. Ол үшін барлық мүмкіндіктер жасалған.

Қуаныш **БӨРІБАЙ**, «Мұрагер» мектебінің 10-сынып оқушысы, Қызылорда қаласы.

1-бет БЕС ЖЫЛДА ЖЕТКЕН БЕЛЕСТЕР

Облыс мектептерінің түлектері 2014 жылдан бері Мәскеу мен Санкт-Петербургтің жетекші техникалық жоғары оқу орындарында оқи бастады. Қазір 452 сырбойлық Ресей Федерациясы бюджеті есебінен, аймақ экономикасының сұранысына сай мамандықтар бойынша Ресей Федерациясының үш оқу орнында – Мәскеу Ұлттық технологиялық зерттеу, К.Тимирязев атындағы Ресей мемлекеттік аграрлық, Санкт-Петербург мемлекеттік өндірістік технология және дизайн университеттерінде білім алуға. Сыр өңірі – жастардың талабын шындып, арманына жеткізіп отыр.

Жастарды жоғары және арнаулы білім алуға ынталандыратын бағдарламаның бірі – «Серпін-2050». Бұл жоба 2014 жылдан бері жастардың кәсіптік және аумақтық мобильдігін арттыру үшін қолға алынды. Оңтүстік облыстардың



канат бітірген, үздік техникалық жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндік берген бірінші-бірінші оқушылардың бірі болды. Олардың бірі – облыс білім басқармасының директорының орынбасары, туған жерге орналасты.

Келесі оқу жылынан бастап М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті «Киберкаунтсиді» және «Процестерді математикалық модельдеу» мамандықтары бойынша тағы 20 грантты жыл сайын бөлетін болды. Оған қоса жыл сайын 20 адамды ақпараттық және цифрлық технологиялар бойынша Иннополис университетінде оқыту туралы келісім бар.

Жыл сайын облыс әкімінің грантымен аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан дарынды ауыл балалары аймаққа қажетті мамандықтарды игеруге еліміздің жетекші жоғары оқу орындарына жіберіледі. Бүгінде бұл грантка 700-ге жуық адам ие болды. Ата-ананың іргелегі облыс орталығында оқытуға жағдайы келмесе де, білім алуға талабы бар баланың тауы шағылмауы керек. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік тұрғыдан халықтың осал топтарындағы

түлектері Солтүстік, Шығыс, Батыс Қазақстан өңірлеріндегі университеттер мен колледждерде білім алуына қолдау жасау мақсатында «Мәңгілік ел жастары – индустрия» әлеуметтік жобасы аясында жүзеге асауда. Жыл сайын сырбойлық түлектер «Серпін» бағдарламасымен оқуға грант жеңіп алуға ең үздік нәтижелерді көрсетіп отыр. Бүгінгі күні 4000 бала осы бағдарлама бойынша білім алууда.

Қызылордалық жастардың болашағына жол ашқан гранттық бағдарламалар бойынша алғашқы қарлығаштар қанат қағатын уақыт таяп келеді. Жоғары білім алған, ақылы толысқан, санасы қалыптасқан, жүздері жарқын, сенім жүгін арқаулауға зор елге қызмет етуге ынталы жастар – барлығымыздың көзқуанышымыз, мақтанышымыз.

Биылғы мектеп бітірген түлектердің де өздеріне дейінгілердің үлгісімен жаңа заманның шақыруларына сай мамандықтарды игеруге талпынысы зор. Талаптары оң болғай!

Гүлжазира **ЖАЛҒАСОВА**, «Syr boiy».

... BIZ LAGERGE BARAMYZ



ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСҚА ЖАН-ЖАҚТЫ ӘЗІРЛІК ЖАСАЛДЫ

Балалардың жазғы демалысы жылдағы дәстүр бойынша қала сыртындағы және облыстан тыс аймақтарда орналасқан лагерлерде, мектеп жанындағы күндізгі тынығу және табиғаттағы шатырлы лагерлерде ұйымдастырылады. Сондай-ақ, оқушылар үйлеріндегі дебаттық клубтар мен аула клубтарындағы үйірмелерге және спорттық секцияларға, көркейтүү-көгалдандыру, құрылыс-жөндеу бригадаларына тарту, тарихи орындарға саяхаттар ұйымдастыру шаралары қамтылады.

Аймақта жазғы демалыс қала, аудан сыртындағы 9 лагерде 7 аусымда ұйымдастырылады, оның 6-ы жыл бойы жұмыс жасайды. Осы жылы облыс бойынша 1-10 сынып аралығындағы 140464 баланың 136160-і жазғы тынығумен қамтылады деп күтілуде. Оның ішінде, қала, аудан сыртындағы жұмыс жасайтын 9 лагерде қамтылатын бала саны 9327 болса, мектеп жанындағы тынығу лагерлері және басқа да тынығу орындарына қамтылатын бала саны 111167 болып отыр. Ал кәсіподақ пен демеушілер және ата-аналар есебінен 15666 бала жазғы демалыспен қамтылатын болады. Бұл жалпы оқушылардың 97 процентін құрайды. Айтпа кетейік, өткен жылмен салыстырғанда, биыл жазғы демалыста лагерлерде тынығатын балалардың саны біршама артқан. Мысалы,

«Қамбаш» балаларды сауықтыру және қосымша білім беру орталығында өткен жылы 7 аусымда 840 бала жазғы тынығумен қамтылса, биыл 980 бала тынығатын болады. Сол сияқты, «Шағала» балаларды сауықтыру-демалыс орталығында өткен жылы 840 бала тынықса, биыл демалатын бала саны 875-ті құрап отыр. Ал қаладағы «Арай-Санрай» лагерінде де аусым саны көбейіп, бытыр 1080 бала демалса, осы жылы 1260 бала тынығды.

Жалпы, жазғы лагерлер 1 маусымнан жұмысын бастайды. Айтпа кетейік, биылғы жазда облыс көлемінде балаларды дамыту, сауықтыру, білім беру, психотерапевтік, коммуникативтік қызмет көрсететін 485 мектеп жанындағы лагер жұмыс жасайды деп жоспарлануда. Оған қоса, «Уханы жаңғыру» бағдарламасы аясында облыстағы мәдени-тарихи орындарға, ескерткіштерге, ескі қалаларға, өлкеміздің көрнекті жерлеріне 18840 балаға экскурсиясы ұйымдастырылады. Ал облыстан тыс аймақтардағы орналасқан лагерлерде мұнай компанияларының қолдауымен жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көпбалалы және тұрмысы төмен, мүмкіндігі шектелуі отбасының балалары тынығатын болады.

Балалардың жазғы демалысында бірінші мәселе – олардың қауіпсіздігі. Осыған орай, лагер басшылары мен білім бөлімдерінің жауапты қызметкерлері «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында жазғы кезеңдегі балалардың демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мәселелері бойынша білікті-

ліктерін арттырды. Сол секілді, облыстық қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің мамандарымен бірлесіп қажетті шаралар қолға алынып, барлық лагерлердің ауласына, үй-жайларына залалсыздандыру, зарарсыздандыру жұмыстары және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Айталық, Жаңақорған ауданындағы «Облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру орталығына» 17,5 млн теңге бөлініп, ағымдағы жөндеуден өтсе, Арал ауданындағы «Қамбаш» балаларды сауықтыру және қосымша білім беру орталығында көркейтүү-қоғалдандыру жұмыстары қолға алынып, 1500-ден аса таз етілді. Сонымен қатар, 2006 жылдан бері өз ішешімін таяпай келген Қармақшы ауданындағы тынығу лагерінің құрылысы басталып, жұмыстар жүргізілуде. Жоспарға сай лагер құрылысы биылғы жылдың күзінде аяқталатын болады.

Жазғы демалысқа санаулы күндер ғана қалды. Сондықтан әзірлік жұмыстары аяқталып, облыс аумағындағы лагерлердің барлығы талапқа сай жабдықталды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, 136160 баланың жазғы демалысын жақсы өтуіне толық мүмкіндік бар. Әсіресе, ата-ана қамқорлығынсыз қалған, көп балалы және аз қамтылған отбасылардың балаларына қолдау көрсету бағытында балаларды сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мәселелеріне ерекше көңіл бөлініп отыр.

Г.КОЗЫБЕКҚЫЗЫ.

Сырдария ауданында соңғы жылдары ауқымды жұмыстар атқарылып, бірқатар тың жобалар жүзеге асуда. Жыл сайын ауыл шаруашылығы бойынша көшбасшылар қатарында келетін ауданның бұл саладағы жетістіктері бір төбе. Биыл құрылғанына 90 жыл толатын өлкеде әлеуметтік-экономикалық, рухани, мәдени тұрғыда алда қандай мақсат-міндеттер бар? Бұл жөнінде Сырдарияға сапарымызда аудан әкімі Ғанибек Қазантаевпен сұхбаттасқан едік.



мен салыстырғанда 10,9%-ке өсті. Жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлік нысандар үлесі 73,6 процентті құрады. Биылғы жылдың қантар-сауір айларында 161 кәсіпкерлік субъектісі тіркелді.

2018 жылды облыста «Жапнай кәсіпкерлікті қолдау жылы» деп жариялануына байланысты ауданда кәсіпкерлікті дамыту мақсатында «Жол картасы» бекітілді. Сонымен қатар, әрбір кент және ауылдық округ бойынша жол картасы бекітіліп, көрсеткіштердің орындалуы қатаң бақылауға алынды. Ауылдық округтердің барлығында кәсіпкерлікке қызмет көрсету кабинеттері ашылды. Онда әрбір кәсіпкер салық есебін тапсырады және аудандық кәсіпкерлік палатасы мамандарынан «скайп» арқылы кеңестер алады. Бүгінде аудандық кәсіпкерлік палатасы арқылы «Бизнес-Кеңесші» курсы

сы бойынша жарғылық капиталын ұлғайтуға 206,1 млн теңге қаражат бөлінді. Қазіргі таңда 57 млн теңгесі серіктестікке аударылды. Мал Қарағанды, Қостанай облыстарынан сатып алынды. Сондай-ақ, аудандық «Тіршілік тынысы» газетінде «Кәсіпкер» айдары ашылып, тұрғындар сала мамандарынан кеңес алып, кәсіпкерлермен тәжірибе алмасуда. Жалпы, кәсіпкерлік саласын дамыту бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да қарқынды түрде жүргізіле беріледі.

– Өткен жылдары облыс әкімінің демейімен аудандағы бірнеше шаруашылықтың кепіледі тұрған жерлері қайтарылды. Бұл мәселелер толығымен шешіліп, тиесілі жер тұрғындарға тиген болар?

– 2004 жылдың желтоқсан айында ауыл тұрғындарының

бөлек аға буын өкілдері және жастардың ұйымдастыруымен түрлі шаралар өтуде.

Елбасы мақаласынан туындаған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында ауданда «Рухани жаңғыру және діни сана» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Шараға елімізге белгілі ғалымдар қатысып, келелі ойларын ортаға салды. Мамыр айында «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының үміткері Н.Аппазовпен және жоба жеңімпазы, аудармашы, педагог-психолог С.Әбдірахмановпен жастар кездесуі өтті. «Туған жер» бағдарламасының «Туған жерге тағым» акциясы аясында сырдариялық кәсіпкерлердің қолдауымен бірқатар жобалар жүзеге асырылды. Теренөзек кенті орталығындағы саябақта орналасқан ескі мешіт ғимаратына

АДАМГЕРШІЛІК ТУЫН ЖЫҚПАҒАН АЗАМАТ

Заңды қоғамның таразысына жиі теңейміз. Ал оны жүзеге асыруда сот саласына айрықша салмақ пен сенім жүктеледі. Осы үлкен міндет үлесінен көрініп келе жатқан судьяның бірі – Күмісбай Құсекеев.



Судьялық қызметінде адал еңбегімен, кәсібилігімен әріптестері арасында беделі бекем, абыройы жоғары жан. Мемлекет жүктелген міндет пен халықтың талап-тілегін үйлестіре отырып жұмыс атқаратын ол заңнаманың серпінді өзгерістеріне ілесіп қана қоймай, алдынгы қатарда озық жүреді. Ойы орамды, жаны сергек, жаңашыл судьяның өз міндетіне шексіз жауапкершілігі кейінгі толқына үлгі-өнеге.

Күмісбай Құсекеев 1958 жылы Қазалы ауданының Майдақол ауылында дүниеге келген. 1980 жылы Ленинск қалалық кеңесінің депутаты болған. Қазақ Мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, оны 1987 жылы тәмамдады.

Жас мамандарды халық шаруашылығына бөлу жөніндегі мемлекеттік комиссияның жолдамасымен КСРО Прокуратура органдарына жіберіліп, Қызылорда облысы прокуратурасының органдарында прокурордың көмекшісі, Қызылорда қаласы прокуратурасының орынбасары, Арал, Қармақшы ауданы прокуроры, сот қауыптарының заңдылығын қадағалау бөлімінің прокуроры, облыс прокуратурасының аға көмекшісі қызметтерін атқарған. Ал, 2008 жылдан бастап Қызылорда қаласының №2 сотының судьясы лауазымын бүгінгі күнге дейін абыроймен атқарып келеді.

Судьялар үшін істі қарау барысында сотталушының, қорғаушының түрлі айғақтарға толы қарама-қарсы пікірлерін тыңдап, дәлелдемелерді саралай келе, заң негізінде шешім шығару үлкен жауапкершілікті, біліктілікті талап етеді.

Жалпы, адами қасиеттің ең үлкен үрдісі қарапайымдылық екен. Күмісбай ағаның өн-бойына осы қарапайымдылық тамырлап, оның шарапаты шаршы топқа шауып тұрды.

«Жақсының жақсылығын айт, нұрғы тасысын» демекші, ақиқаттың жолында адамгершіліктің туын жықпаған азаматқа қандай мадақ айтсаң да жарасымды, себебі Күмісбай Құсекеев – еңбегімен өзін қоршаған ортаға танытқан болтымыс-бітімімен, шынайылығымен лайықты құрметке ие болған азамат.

Осындай өмір мектебінен тәжірибе жинақтан азаматтың сот саласында жеткен жетістіктері мол. Жеке өмірі де көпке үлгі боларлықтай. Құдай босқан жары Гүлнар апаймен қоспа жүйе үш үлгі тәрбиелеп, екі немере сүйіп отыр.

Судьяның үлгілі өмірлік жолы, сабырлы мінезі мен салиқалы, салмақты өнегесін – Қызылорда қаласының №2 соты ұжымы мақтаныш тұтады.

Шынар БЕКБАН, «Сыр бойы».

Ғанибек ҚАЗАНТАЕВ, Сырдария ауданының әкімі: БҮГІНГІ БЕРЕКЕМІЗ – ЖҰМЫЛА ЖАСАҒАН ЖҰМЫСТЫҢ ЖЕМІСІ

– Ғанибек Қонысбекұлы, соңғы жылдары Сырдария ауданында көптеген әлеуметтік мәселелердің реттеліп жатқанын білеміз. Әсіресе, ауылдар жағдайын жақсартуда аудандық жұмыстар бар екен. Өңгімімізді осы тақырыптан бастайықшы.

– Алтын бесік саналатын ауыл жағдайын түзеу – басты назарымызда. Барлық экономикалық реформалардың негізгі мақсаты – халықтың әл-ауқатын арттыру десе, аудан халқының басым бөлігі ауылдарда орналасқаны белгілі.

Бір кездері ажары кетіп, жаппай қалаға қоныс аударудан көңілге орнаған сенімсіздік пен ауыл келешегіне деген алаңдаушылық мәселелері қазір өз шешімін тапты. Елді мекендерде жаңадан ауыл әкімдігінің ғимараттары, білім ордалары, ауылдық клуб үйлері, балабақшалар, дәрігерлік-амбулаториялар салынды. Мысал ретінде, аудан орталығынан шалғай орналасқан бір ғана Іңкәрдария ауылында атқарылған жұмыстарды айтуға болады. Ауылға жаңадан әкімдік ғимараты салынып, 120 орындық клуб үйі мен дәрігерлік-амбулатория пайдалануға берілді және білім ошағы күрделі жөндеуден өтті. Былтыр, соңғы он жылдан бері өзекті мәселеге айналған елді мекеннің кіреберіс автомобиль жолын күрделі жөндеуге облыстық бюджеттен 291 млн теңге бөлініп, жұмыстары аяқталды. Жөндеуден өткен жолдың ұзындығы 7 шақырым, ені 7 метрді құрайды. Бүгінде Іңкәрдария ауылының халқы 24 сағат бойы таза ауызсу тұтынып отыр. Айдарлы ауылында аудандық бюджет есебінен ауылдық клуб үйі бой көтерді. Ауыл еңбеккерлері «Торпедо» қанынын етіп, өнімдері өз елімізбен қатар Ресей мемлекетіне саудаға шықты. Бұл елді мекеннің кәсіпкерлікке ден қойғанын білдіреді. Сонымен қатар, барлық ауылда ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтері құрылды.

Өткен жылы егін етумен айналысатын шаруашылық құрылымдары 1 млрд 506 млн теңгеге 35 ауыл шаруашылығы техникаларын алды. Шаркөйлі ауылындағы жаңа мектеп пен мөлтек аудан ашылып, инфрақұрылым жүргізу жұмыстары аяқталды. С.Сейфуллин ауылында да аудандық бюджет есебінен балабақша, ауылдық клуб, орта мектептің акт залы мен кітапханасы салынып, пайдалануға берілді. Жалпы, айтқанда соңғы жылдары ауылдарымыздың әлеуетін көтеру бағытында біраз нәтижеге қол жеткізілді.

– Кентте салынып жатқан жаңа баспаналар, қайта жаңғыртылған нысандар, кәріз жүйелері ауданның өз кәсіпін атқаруға екен. Жалпы, Сырдария ауданы инвестиция және қосымша қаржы тарту жағынан облыстағы маңдайалды аймақ. Биыл бұл жұмыстардың бағыты қандай?

– Ерекше «экономикалық кезеңге» қарамастан соңғы жылдар ауданымыз үшін жетістіктер мен жаңалықтарға толы табысты жыл болды. Өткен жылы аудандық бюджеттің түсімі 7 млрд 496 млн теңге көлемінде қалыптасты. Оның ішінде 4 млрд 528 млн теңге өз кірісіміз. Былтыр аудан экономикасына 52 млрд 581 млн теңге негізгі капиталға инвестиция тартылып, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 2,2 есеге орындалды. Ал, ағымдағы жылдың үш айында аудан экономикасына 5 млрд 342 млн теңге негізгі капиталға инвестиция тартылды, бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 133,2 процент бо-

лып отыр. Былтыр өнеркәсіп орындары қолданыстағы бағамен 1 млрд 243 млн теңгенің өнімін өндірді, бұл 2016 жылдың тиісті кезеңіне 112,1%-ті құрады. Биылғы жылдың қантар-наурыз айында ауданның өнеркәсіп орындары 281,6 млн теңгенің өнімін өндірді. Биылғы басты мақсатымыз бұл – барлық әлеуметтік міндеттемелердің уақытылы орындалуы, халықтың жұмыспен қамтылуы және әлеуметтік тұрақтылықтың сақталуы болып қала берсін.

– Күрші өндірісі де аудан үшін көп табыс әкеліп отырғаны белгілі. Биыл қанша көлемде өнім егу жоспарлануда? Жалпы, ауданның ауылшаруашылық саласында қандай өзгерістер бар?

– Елбасы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында алдағы 5 жылдың ішінде агроөнеркәсіп кешеніндегі еңбек өнімділігін және өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспорттың, кем дегенде 2,5 есеге артыруды тапсырды. Осыған орай, ауданның агроөнеркәсіп кешенін дамытудың Агрокартасын жүзеге асырудың 2018-2022 жылдарға арналған іс-шара жоспарында негізгі бағыттардың бірі болып – өңдеу, ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау және өндірісті әртараптандыру болып айқындалды. Үстіміздегі жылы бекітілген сызбаға сәйкес 29926 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі. Оның ішінде Іңкәрдария ауылының халқы 24 сағат бойы таза ауызсу тұтынып отыр. Айдарлы ауылында аудандық бюджет есебінен ауылдық клуб үйі бой көтерді. Ауыл еңбеккерлері «Торпедо» қанынын етіп, өнімдері өз елімізбен қатар Ресей мемлекетіне саудаға шықты. Бұл елді мекеннің кәсіпкерлікке ден қойғанын білдіреді. Сонымен қатар, барлық ауылда ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтері құрылды.

Өткен жылы егін етумен айналысатын шаруашылық құрылымдары 1 млрд 506 млн теңгеге 35 ауыл шаруашылығы техникаларын алды. Шаркөйлі ауылындағы жаңа мектеп пен мөлтек аудан ашылып, инфрақұрылым жүргізу жұмыстары аяқталды. С.Сейфуллин ауылында да аудандық бюджет есебінен балабақша, ауылдық клуб, орта мектептің акт залы мен кітапханасы салынып, пайдалануға берілді. Жалпы, айтқанда соңғы жылдары ауылдарымыздың әлеуетін көтеру бағытында біраз нәтижеге қол жеткізілді.

– Көптеміз дала жұмыстарына қажетті арзандатылған дизель отынның жеткізіп беруші оператор «Нефть-Транс Қызылорда» ЖШС арқылы 2090 тонна дизель отынның жеткізілді. Ауданымыздың негізгі дақылды Сыр салысы болғандықтан сапалы өнім өндіру бағытында жұмыстар жалғаса берсін.

Былтыр 39 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылды. Оның ішінде 14 кооператив 20 өзіндік қосалқы шаруашылықтардың бірігуі арқылы құрылған. «Ақжарма Инвест» және «Ақжарма Ғылым» өндірістік



кооперативтері «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы мүйізді ірі қара малының сүтті тұқымдарын көбейту бағытында 152,8 млн теңге қаржыға 1074 бас мүйізді ірі қара мал алынып, бағылуда. Сонымен қатар, «Ақжарма Инвест» кооперативі «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-нан 27 млн теңге несие алып, мал сою алаңын, ет өнімдерін өңдеу және сүт қабылдау пунктін ашу үшін құрал-жабдықтар сатып алынды. «Ақжарма Ғылым» өндірістік кооперативі ет өнімдерін тасымалдау үшін рефрижератор көлігін алуға 7 млн теңге несие алды.

Ауданда ауылшаруашылық саласы бизнестің іргетасына айналған. Осы салада бағын сынап, айналысушылар қатары мол. Өйткені нарықтың талабы осы. Мемлекет тарапынан жасалып жатқан бастамалар мен ұсыныстар кәсіп игеремін деген жанды қолдауға бағытталған.

– Биыл облыста «Жапнай кәсіпкерлікті қолдау жылы» деп жарияланды. Бұл ретте аудан, ауылдарда кәсіпін айналысушылар қатарын көбейтуге мән берілімек. Бастаманы жүзеге асыру шаралары қалай жүріп жатыр?

– Бүгінде аудан бойынша 2081 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері тіркеліп, өткен жыл-

дың соңында 10,9%-ке өсті. Жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлік нысандар үлесі 73,6 процентті құрады. Биылғы жылдың қантар-сауір айларында 161 кәсіпкерлік субъектісі тіркелді.

2018 жылды облыста «Жапнай кәсіпкерлікті қолдау жылы» деп жариялануына байланысты ауданда кәсіпкерлікті дамыту мақсатында «Жол картасы» бекітілді. Сонымен қатар, әрбір кент және ауылдық округ бойынша жол картасы бекітіліп, көрсеткіштердің орындалуы қатаң бақылауға алынды. Ауылдық округтердің барлығында кәсіпкерлікке қызмет көрсету кабинеттері ашылды. Онда әрбір кәсіпкер салық есебін тапсырады және аудандық кәсіпкерлік палатасы мамандарынан «скайп» арқылы кеңестер алады. Бүгінде аудандық кәсіпкерлік палатасы арқылы «Бизнес-Кеңесші» курсы

қатысуымен «С.Сейфуллин Жер» және «А.Токмағанбетов Жер» ЖШС-нің жалпы жиналысының хаттамалары жасалып, аталған шарттары қабылданып, ауыл азаматтары өздерінің жер үлестерін серіктестіктерге салым ретінде берген. Өз кезегінде серіктестіктер барлық жер учаскелерін «Алуан-Ас» ЖШС-не сенімді басқаруға беріп, тиісті жерлер (ауыл тұрғындарының жер үлестерімен қоса), барлық ғимараттар мен техникалар «АТФ Банк» акционерлік қоғамына кепілге қойылған. Сол себепті қандай да бір іс-әрекеттер (жер үлестерін бөліп алып шаруа қожалықтарын құру, басқа серіктестіктерге салым ретінде беру) жасауға мүмкіндік болмаған. Облыс әкімінің тікелей араласуымен өткен жылы С.Сейфуллин және А.Токмағанбетов ауылындағы ұлссерлердің жерлері кепілден босатылып, жер құжаттарының түпнұсқалары иелеріне қайтарылды, бүгінгі күні олар еш кедергісіз құжаттарын ҚР Жер Кодексінің 101-бабының талаптарына сәйкес қайта рәсімдеу жұмыстарын жүргізуде.

– Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы мен «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты Үндеуіне орай атқарылып жатқан жұмыстар жайында айта өтесіңіз?

– Қай халықтың да ертеңге артар үміті көп болады. Ал енді біреу оны тек тілекпен күтсе, біреу оған жоспарлы еңбекпен, сенімді жүрекпен жетеді. Оның дәлелі – мерзімінен бұрын халқымызды биік белеске шығарған Елбасының «Қазақстан – 2030» стратегиясы. Біз үшін бұл арман мен ақиқаттың таласын, жай сөз бен нақты істің арасын айыптықтан қалам болды. Осы орайда биылғы Жолдау – біз үшін осынау ордалы ойды саралап, оның әрбір түйінін жаңалап тұрған, халық болып бірігіп, қоғам болып жұмылып атқарар ең басты құжат. Мұның өзі есеп еңбек пен тынымсыз тірліктің, ел болып жұмылған ынтмақ пен береке-бірліктің нәтижесінде келеді.

Елбасының бағдарламалық мақаласы – рухани жаңғырудың жарқын жолы. Осы маңызды мақалада заманға сәйкес жаңғыру, оның ішінде рухани түлеу мәселесі жан-жақты талданып, тауа жылдарға ауқымды міндеттер қойылып отыр. Бүгінде дейін аудан тұрғындарының қатысуымен мекемелер мен кәсіпорындарда, шаруашылық және басқа да ұйымдарда ұжымдық талқылаулар өткізілуде. Кездесулерде мақаладан туындайтын міндеттер түсіндіріліп, бірлікті, тұрақтылықты сақтауға атсалысуға шақырып, ұлттық құндылықтарды ұлықтау насихатталуда. Бұдан

жөндеу жұмыстары жүргізіліп, аудандық тарихи-өлкетану музейінің қосымша ғимараты ретінде теңгеріміне берілді. «Құрметті азаматтар» аллеясы мен «Еңбек даңқы» музейіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге қажетті қаржы аудандық бюджеттен және демеушілер есебінен ашылды. Осы мақаладан туындайтын «Туған жер» бағдарламасы шеңберінде жергілікті кәсіпкер, «Ақжарма және К» ШҚ төрағасы Қайрат Нұрсейітов Ақжарма ауылдық пошта бөлімшесі ғимаратының күрделі жөндеу жұмыстарына 13 млн теңге қаржы бөліп, Жөндеу жұмыстары толығымен аяқталып, пайдалануға берілді.

Елбасы мақаласының аясында Қызылорда қаласында өткен шараларда халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау бағытында үнемі қаржылай қолдау білдіріп, меценаттықпен тұрақты түрде айналысып жүрген азаматтар «Қызылдиқан» шаруа қожалығының төрағасы Алдаберген Құлбаев «Жомарт жүрек» номинациясымен және «Ақжарма-2» шаруа қожалығының төрағасы Марат Бишенов «Сыр жанашыры» номинациясымен марапатталды. Жалпы, Елбасы мақаласынан туындаған міндеттерді жүзеге асыру бойынша аталған жұмыстар әлі де жалғасын табатын болады.

– Биыл Сырдария ауданына 90 жыл. Мерейтойға байланысты қандай іс-шаралар жоспарлануда?

– Айтулы мерекеге орай үстіміздегі жылдың тамыз айының 10-11 күндері ауданда кең көлемді мәдени-көпшілік іс-шаралар ұйымдастырылады. Атап айтқанда, Теренөзек кентіндегі «Парасат» алаңында ауданнан шыққан мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, Социалистік Еңбек Ерлерінің ескерткіш-бюсттері орнатылады. Мерейтой аясында С.Сейфуллин ауылындағы ипподромда ат жарысы өтеді. Сонымен бірге, ғылыми-танымдық конференция өткізіп, ауданның өткені мен бүгінгінен, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінен сыр шертетін «Сырдария II» кітабы шығарылуына үстінде. Мерейтой аясында халық жазушысы Қалтай Мұхамеджанов пен жазушы Әбдіраш Жәмішевтің 90 жылдығына арналған әдеби кеш ұйымдастырылады деп жоспарланып отырмыз. Ал, мерейтойлық іс-шаралардың екінші күні танымал ақындардың қатысуымен республикалық ақындар айтысы және бүгінде ел дамуының әр алуан саласында жемісті еңбек етіп жүрген, өмірлері өнегеге толы жүрлес азаматтармен «Жанында жүр жаксы адам» атты аудан жастарының кездесуі өткізіледі. Мәдени іс-шаралардан бөлек, тоғызқұмалақ, шахмат, таяквандодан спорттық жарыстар да бар. Бүгінде шараның эмблемасы бекітілді және мерейтойға орай мерекелік медальдар шығарылады. Осы сұхбатты пайдаланып, «Сыр бойы» оқырмандарын дамытудың даңғыл жолына түскен Сырдария ауданының 90 жылдық мерейтойына арналған іс-шараларға қатысуға шақырамын.

Бүгінгі табысымыз қай шаруаға да – жұрт болып жұмылып, көп болып көтеріп жүргеніміздің арқасы. Елге адал қызмет етіп, ортақ мүдделге шын жанашырлық танытсақ, бітпейтін іс, алынбайтын асу жоқ деп ойлаймын.

– Рахмет!

Сұхбаттасқан Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ, «Сыр бойы», Сырдария ауданы.

БҚАТУ – мықтылардың таңдауы



Был еліміздегі ірі білім және ғылым орталықтарының бірі, халықаралық байланыстары мен ғылыми жетістіктері арқылы елімізге белгілі классикалық университеттің заманауи үлгісіндегі білім ордасы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің құрылғанына 55 жыл толады.

мамандықтары бойынша дайындық жүргізетін 5 факультет бар. Қазіргі таңда Агрономия, Ветеринарлық медицина және биотехнология, Машина жасау, Политехникалық, Экономика және бизнес факультеттерінде 5 мыңға жуық болашақ маман білім алуа.

Аймақтың шет тілдерін еркін меңгерген білікті мамандарға деген сұраныс қамтамасыз ету мақсатында Тілдерді дамыту орталығы құрылып, барлық бес факультетте де көптілі білім беру жұмысы қолға алынды.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ – студенттер кампусы бар өңірдегі жалғыз университет. Студенттер қалашығы аумағында 8 оқу-зертханалық корпус, заманауи Студенттер үйі, 3 жатакана, оқушылар мен жас галымдарға арналған 2 «запастағы лейтенант» әскери мамандығын алу мүмкіндігін ұсынатын батыс аймақтағы бірден-бір университет.

Сондай-ақ университет маман мен әлеуетті тұлғаны, өз елінің отансүйгіш азаматын қалыптастыруға, студенттік өзін-өзі басқару мен әріптестік ұстанымдарды дамытуға басты көңіл бөледі. Университетте білім алушылардың өзін-өзі басқару құрылымдары бойынша студенттік деканаттар, №1 Студенттік үй және №1,2,3 студенттік жатакана студенттік кеңестері, «Заман» жастар қоғамдық бірлестігі, «Рух» пікірсайыс орталығы, «Ерке-Нұр» би ансамблі, «Нарын сазы» ұлттық аспаптар ансамблі, КТК-Жайдарман лигасы, «Сұңқар» спорттық клубы, «Фатима» қыздар клубы, «Жауынгер» әскери-патриоттық клубы, «Жас қалам» жас тілшілер клубы жұмыс жасайды.

55 жыл ішінде Батыс Қазақстанның төрт облысының экономикасы үшін 40 мыңнан астам әртүрлі маман даярланды. Университет жыл өткен сайын көркейіп, біздің мыңдаған түлектеріміз өз ісін мейлінше аяқтайды. Аймақтағы өндіріс саласындағы, мемлекеттік мекемелер мен жеке фирмалардағы түрлі деңгейдегі жетекшілер мен мамандардың басым бөлігі – біздің университет түлектері.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ қабырғасынан шыққан біліктілігі жоғары мамандардың диагностикасы жалғастырып отыратын түлектерге сапалы білім алу үшін оқу ордасында барлық жағдай жасалған және бітіруші түлектерді жұмысқа орналастыру мақсатында университет 300-ден астам әртүрлі мемлекеттік фирмалармен, компаниялармен, фирмалармен меморандумға қол қойды. Қол қойылған Меморандумға жүзеге асыру мақсатында әкімдер мен компаниялардың өкілдері мен біздің университетіміздің өкілдері мен мамандарымыз бірлесіп жұмыс істейді.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ – білім алушылардың толық құрамда жатақханамен қамтылған және әскери кафедра негізінде тұрғын үй, кафе-аскана, 2 ғылыми-зерттеу институты, 1 типтік және 2 мамандандырылған спорт залдары, жаттығу залдары, әскери кафедрасы, баспахана, студенттік медициналық орталық, Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық мұражай, ветеринарлық клиника, парк-гараждық аймақ, оқу-өндірістік орталық және машина жасау факультетінің полигоны орналасқан. Білім алушылар мен университет ұжымының табиғат асындары жайлы демалысына арналған «Нива» спорттық-сауықтыру кешені қызмет көрсетеді. Оған қоса білім алушылардың алаңсыз ғылыммен айналысуларына мүмкіндік беретін асылтұқымды қой шаруашылығы, ауылшаруашылық аспаптары, тәжірибелік егістері, кінкітер тәлімбаты бар.

Қазіргі таңда Жәңгір хан атындағы БҚАТУ – білім алушылардың толық құрамда жатақханамен қамтылған және әскери кафедра негізінде

ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕР-2018!

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті (ЖОО коды 501) төмендегі мамандықтар бойынша оқуға шақырады:

5B070800 Мұнай газ ісі
5B071200 Машина жасау
5B072400 Технологиялық машиналар және жабдықтар (сала бойынша)
5B072900 Құрылыс
5B080400 Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырылғандарын өндіру
5B073200 Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша)
5B012000 Кәсіптік оқыту
5B071600 Аспап жасау
5B071800 Электр энергетикасы
5B071300 Көлік, көліктік техника және технологиялар
5B080600 Аграрлық техника және технология
5B073100 Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігін қалыптастыру
5B070300 Ақпараттық жүйелер
5B070600 Математика-физика

5B050600 Экономика
5B050700 Менеджмент
5B050800 Есеп және аудит
5B050900 Қаржы
5B051000 Мемлекеттік және жергілікті басқару
5B051100 Маркетинг
5B090100 Көліктік пайдалану және жүк көзғалысымен тасымалдауды ұйымдастыру
Бөйіндік пәндер МАТЕМАТИКА-ГЕОГРАФИЯ


5B120100 Ветеринарлық медицина
5B120200 Ветеринарлық санитария
5B080200 Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы
5B072800 Қайта өңдеу технологиясы және өнеркәсіптік балық аулау
5B080800 Топырақтану және агрохимия
5B081100 Өсімдік қорғау және карантин
5B080100 Агрономия
5B072700 Азық-түлік өнімдерінің технологиясы
5B072800 Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (сала бойынша)
Бөйіндік пәндер БИОЛОГИЯ-ХИМИЯ

5B072000 Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы
5B072100 Органикалық заттардың химиялық технологиясы
Бөйіндік пәндер ХИМИЯ-ФИЗИКА

5B080700 Орман ресурстары және орман шаруашылығы
5B090300 Жерге орналастыру
5B090700 Кадастр
5B060800 Экология
Бөйіндік пәндер БИОЛОГИЯ-ГЕОГРАФИЯ

5B010400 Бастапқы әскери дайындық
Бөйіндік пәндер 2 ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН
Университет «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» – «Серпін» әлеуметтік жобасының қатысушысы болып табылады!

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ – ауылшаруашылық және өнеркәсіп салаларына қажетті білікті маман дайындайтын батыс аймақтағы бірден-бір көпбейінді мемлекеттік жоғары оқу орны.
Университет жоғары білімнің 7 бағытына сәйкес 36 мамандық бойынша білім беру лицензиясына ие.
Университеттің 5 факультетінде 5000-ға жуық, соның ішінде «Серпін» бағдарламасы бойынша 600-ден аса болашақ маман білім алуа.



«Студенттер жайлы жатақханамен қамтылады»
«Әскери кафедра жұмыс жасайды (запастағы офицер – жалпы әскери және теңіз әскери күштері лейтенанты);
«Үздік білім алушыларға оқу ақысын төлеуде жеңілдіктер қарастырылған»;
«Білім алушыларға шетелдерде практика ұйымдастырылады»;
«Түлектерге жұмысқа орналастыруға қолдау көрсетіледі («Жастар практикасы», «Дипломмен алуға»).

Талапкердің күнтізбесі
Кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініштерді қабылдау: 1 маусым-20 маусым (ТКТ).
Шығармашылық емтихандарға өтініштер қабылдау: 20 маусым-7 шілде
Шығармашылық емтихан өткізу: 8 шілде-13 шілде
Педагогикалық мамандықтарға қатысуға өтініштерді қабылдау және арнайы емтихан өткізу: 20 маусым-18 тамыз, 17 шілде-23 шілде (ТКТ).
Тестілеуді өткізу: 23 шілде-31 шілде.
Мемлекеттік оқу гранты конкурсына қатысу үшін өтініш тапсыру: 1 тамыз-8 тамыз, 19 тамыз-24 тамыз.
Кешенді тестілеуді қайта тапсыруға өтініш беру: 10 тамыз-28 тамыз.

Оқуға түсуге қажетті құжаттар:
- білім туралы құжат түпнұсқасы (қосымшасымен);
- 3x4 көлеміндегі 6 фотосурет;
- 063, 086-У үлгідегі дәрігерлік анықтамалар (түпнұсқа мөртәпбасымен, фото, флюорография);
- жеке тұлғаты (көшірмесі);
- ХҚКО-дан мекенжай анықтамасы.

Мекен жайымыз:
Орал қаласы,
Жәңгір хан көшесі, 51
Қабылдау комиссиясы
Тел:8 (7112) 50-21-42, 50-10-78
E-mail:zarkazaly@mail.ru
Автобустан: № 2, 5, 22, 3, 7
Лицензия NKZ15LA00007594 20.09.2016 жж.

ҚОҒАМ БОЛЫП ЖҰМЫЛУ ҚАЖЕТ



Еліміздегі мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығының бірі сыбайлас жемқорлықпен күресу болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң талабының асында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Жуырда №8 облыстық арнайы мектеп-интернатында «Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі органдардың 20 жылдық қалыптасуы» тақырыбында оқу сағаты өткізілді. «Жемқорлық – індет, жою – міндет» тақырыбында мектеп мұғалімі Гүлназ Естаева баяндама жасап, оқушылар өз ойларын ортаға салды.

Қазіргі қоғамда сыбайлас жемқорлықтың жолын кесу оңай болмай тұр. Демек, айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттің органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, жалпы азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаянына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке қарсы бір кісідей жұмылуымыз қажет.

А.ӘБЕН, №8 мектеп-интернаты директорының орынбасары, Қызылорда қаласы.

МАҚСАТШЫЛ АДАМ ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА ҰМТЫЛАДЫ

Жаңа технологиялар дамыған мынадай заманда әлеуметтік желінің де қанат жайғаны мәлім. Қазір интернетте бала санасына әсер ететін зиянды ойлар, түрлі сайттар мен бағдарламалар бар. Оларды пайдаланып, ойынның қызығына кірген бала үшін сабақ маңызды болмай қалады. ВКонтакте, Инстаграм, Фейсбук секілді басқа да, айта таусылмайтын әлеуметтік желілердің қайсысы пайдалы, қайсысы зиян екенін ажырату қиын. Бір біліміміз балалар осыларға кіреміз деп, ұзыл телефонды жастанып жататын жағдайға жетті.

Ата-ана балаларымызды қайтсем де жұрттан кем қылмаймын деп еңбектенеді. Осындайда баланың күні бойы немен айналысатыны қалағандысыз қалып жатады. Әке-шешесі тарапынан балаларының әлеуметтік желіге кіруін қалағалау үшін алдымен өздері ғаламтор желілерін пайдаланып, арнайы баласымен тығыз байланыста болуы керек. Бұханы парақшасына кіріп, жазбаларын қарап, рухани дүниетанымын қалағалау да маңызды.

Отбасында алмаған тәрбиені бала сырттан іздейді. Сыртасатын дос іздеп, өзін түсініп тыңдайтын ұстаға мұқтаж болады. Міне, сол шақта мектептегі мұғалім балаға тірек болуы қажет. Алдына мақсат қоя білген адам әлеуметтік желіге ырық бере қоймайды. Себебі, ол алға қарай ұмтылуды, мақсатқа жетуі ғана ойлайды. Ал, мақсатшыл адам жарқын болашаққа ұмтылады.

А.ЖЫЛҚЫБАЙ, «Қызылорда облысының жұмылдыру жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысы.

Облыстық білім басқармасы басшылығының жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі

Table with 5 columns: Аты-жөні, тегі; Лауазымы; Қабылдау күндері; Қабылдау уақыты; Мекен жайы, жұмыс телефоны. Rows include Meldebekova, Berduletov, Ergasheva, Kasymova, Shyntasov.

«Сенім телефоны» нөмірі 60-54-56

АСА ҚАУІПТІ КОНГО-ҚЫРЫМ ГЕММОРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫ ЖӘНЕ ОДАН САҚТАНУ ШАРАЛАРЫ

Конго-Қырым гемморгиялық қызбасы (қысқаша – КҚК) – бұл вирустан туындайтын аса қауіпті жұқпалы ауру. Адамның бұл ауруды жұқтыруы кене шағудан, жануарларды сою немесе өңдеу кезінде олардың қанынан, сондай-ақ науқас адамға күтім жасау кезінде қорғабаяу салдарынан пайда болуы мүмкін.

көтеріледі, тамаққа тәбеті жоғалады, қусу, жүрек айну, бұлшық еттерінің, бүйрек тұсының ауыры удейді. Вирустың берілуін тоқтату және жұқтырудың алдын алу үшін жабайсына кенені мүмкіндігінше тез алып тастау керек. Қорғалмаған қолмен кенені ұстау қауіпті екенін есте сақтаның.

Аурудың алдын алу үшін оның жұғу және сақтану жолдарын жақсы білу керек. Ең алдымен, оған қарсы шаралар жүргізу керек. Сол үшін дала-лық жұмыстар кезінде және қорада жұмыс жасағанда (мал қыркысы, сиыр сауу, т.б) кенелердің жабысуын болдырмайтын аэрозольдер түріндегі репелленттерді (үркіткіш заттар) пайдалану қажет. Қазір репелленттерді дәріханалардан сатып алуға болады. Кімнің сыртына аэрозоль түріндегі репелленттерді сепкен жағдайда иісіне кенелер жоламайды.

Адам медициналық көмек арқылы белгілі бір аурудан 10% ғана түгелдей айығуы мүмкін, ал аурудың алдын алу жолдарын білсе, ол өзін осы аурудан 50%-ке дейін қорғай алады. Сол себепті ұсынылып отырған кенеден қорғану, аурудың алдын алу шараларын орындау өз денсаулығыңыз бен қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Гүлзира ТАСБЕРЕНҚЫЗЫ, Қармақшы аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының орынбасары.

КӨПШІЛІКТІҢ СҰРАУЫ БОЙЫНША БЕЛГІЛІ БАЛҒЕР ANNA. Маған дүя жасалғанын тапқан Аннаға алғысымды білдіремін. Анна осыдан екі жыл бұрын басқа әйелге көткен менің күйеуімді қайтарды. Бұл жағдай маған ауыр соққы болды. Әйткені мен өмірімнің жақсы жылдарын күйеуіме арнағаным, оның үстіне үш баламыз бар. Анна күйеуімнің кетіп қалуын суретке қарап оқыды, үйді қалай сақтап, тазалау керектігін үйретті. Мен оның кеңесінің бәрін орындадым. Соның арқасында қазір күйеуіммен біргемін. Қазір бақыттымын, балаларымның қасында әкесі бар. Анна сізге көп-көп рахмет. Күрметпен, Әмина.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ САТЫЛУ ТАРИФІНІҢ ТӨМЕНДЕУІ ЖӨНІНДЕГІ ХАБАРЛАМА

Шіелі, Жанакорған, Сырдыра, Қармақшы және Жалағаш аудандары бойынша электр энергиясын тұтынушыларға назарына!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу басқармасының және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 17 мамыр 2018 жылғы №05-22/1202 хабарламасына сәйкес 01 маусым 2018 жылдан бастап «Шіелі Жарығы» ЖШС бойынша электр энергиясының орташа босату (базалық) тарифі 1 кВт*сағатына – қосымша күн салығынсыз – 16,46 теңге, қосымша күн салығымен – 18,432 теңге мөлшерінде белгіленді.

- 1. Жеке тұлғалардың электр энергиясын тұтыну көлеміне сәйкес: 1.1. Электр плиталарын қолданатын тұтынушыларға: * 1-деңгей – 1 адамға 1 айға (70 кВт*сағ. бойын) – 17 теңге 45 тиын (қосымша күн салығымен); * 2-деңгей – 1 адамға 1 айға (71-150 кВт*сағ. аралығы) – 21 теңге 24 тиын (қосымша күн салығымен); * 3-деңгей – 1 адамға 1 айға (150 кВт*сағ. жоғары) – 26 теңге 54 тиын (қосымша күн салығымен); 1.2. Электр плиталарын қолданатын тұтынушыларға: * 1-деңгей – 1 адамға 1 айға (90 кВт*сағ. бойын) – 17 теңге 45 тиын (қосымша күн салығымен); * 2-деңгей – 1 адамға 1 айға (91-170 кВт*сағ. аралығы) – 21 теңге 24 тиын (қосымша күн салығымен); * 3-деңгей – 1 адамға 1 айға (170 кВт*сағ. жоғары) – 26 теңге 54 тиын (қосымша күн салығымен); 1.3. Жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүгедектер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген тұлғаларға: * 1-деңгей – 1 адамға 1 айға (100-150 кВт*сағ. бойын) – 17 теңге 45 тиын (қосымша күн салығымен); * 2-деңгей – 1 адамға 1 айға (100-150 кВт*сағ. аралығы) – 21 теңге 24 тиын (қосымша күн салығымен); * 3-деңгей – 1 адамға 1 айға (150 кВт*сағ. жоғары) – 26 теңге 54 тиын (қосымша күн салығымен).

2. Заңды тұлғалар және кәсіпкерлік пен басқа да шаруашылық нысандары үшін (тұтынушылар санатына қарай)

Table with 3 columns: №, Тұтынушы санаты, қосымша күн салығымен, қосымша күн салығымен. Rows include Бюджеттік мекемелер, Басқа да заңды тұлғалар және кәсіпкерлік пен басқа да шаруашылық нысандары.

«Шіелі Жарығы» ЖШС әкімшілігі. (ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2009 жылдың 16 шілдесінде №000507 мемлекеттік лицензиясы берілген)

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ ТҮРГЫНДАРЫНЫҢ КӘСПОРЫН, МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

«Қызылорда су жүйесі» ШЖК МКК-ның суды таратушы желілер арқылы беру, сарқынды суды беру және тазарту қызметтері бойынша 2018 жылдың 1 маусымынан бастап жаңа шекті деңгей тарифтерінің енгізілетінін хабарлаймыз.

Table with 5 columns: №/п/п, Қызмет/тұтынушы атаулары, Өлшем бірлігі, ҚКҚ-сыз тарифі, ҚКҚ-мен тарифі (12%). Rows include Суды таратушы желілер арқылы беру қызметі, Халыққа, Жылу энергетика саласындағы кәсіпорындарға, Бюджеттік мекемелерге, Тұтынушылардың басқа топтарына, Сарқынды суды беру және тазарту қызметі.

«Қызылорда су жүйесі» ШЖК МКК әкімшілігі. (ҚР Өзілет министрлігінен Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы Құзлігі, тіркеу №8936-1933-МК, БСН 040740003730 2011 жылдың 30 наурызында берілген)

КІРПШІ САТЫЛАДЫ

Қызылорда қаласында Кіріпші зауыты украиндық құралмен жабдықталған М-125 маркалы керамикалық қаптама кіріпші өндіретін және қоймадан өнімдерді өткізеді. Мекен-жайы: Қызылорда қ.к., Бейбітшілік қосп., 78 б. Тел.: 8(7242) 24-68-68, 8 777 058 24 69, 8701 335 96 50.

(3-2)

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

«Қызылорда облысының мәнерлеп сырғанау және шорт-трек федерациясы» қоғамдық бірлестігінің (БСН 160 840 011 144) Жарғысы (мемлекеттік және орыс тілінде), Қызылорда облысының Әділет департаментінен 2016 жылдың 11 тамызында берілген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі (мемлекеттік және орыс тілінде) және мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептеліні.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық барлық басшыларына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjanama@mail.ru

BOLJAM

Адамзат баласы ХХ ғасырда екі дүниежүзілік соғысты бастан өткізіп, ХХІ ғасырға қадам басты. ХХІ ғасырда не күтуге болады? Бұл туралы қоғам қайраткері Мырзақелді Кемел және әлемнің белгілі саясаткерлері ой түйіндейді.

ХХІ ғасырдың екінші ширегінен бастап адамдардың бір-біріне қатынасы аздайды, тек сағынысқан кезде көру үшін ғана барады. Олай ету қазіргі өзінде басталып кеткен. Зат іздеу, оны саудалау, сату мен сатып алу немесе өзге де келісімдер интернет арқылы жасалады. Интернет арқылы хат жазылады, танысады, сөйлеседі, шақырылады, ажырасады, соттаса-

Батыс адымының басым бөлігі жұмысқа әбден берілген. Қызметте де, үйде де, жолда да – жұмыс. Жұмыс уақыты мен бос уақыт екеуі араласып кеткен. Оған ұялы телефон, интернет жәрдем береді. Бұрынғы «Жұмыста – жұмыспен, өзге кезде өз тіршілігіңмен» деген қалыптасқан тұрмыс дағдысы бұзылған. Демалуға уақыт жоқ, әлгі «ойыншықтармен» бас толы ой оған мүмкіндік бермейді. Тамақ асығыс-үсігіс ішеледі. Адамдар ұмытшақ, күйгелек, ашуланшақ, яғни стресске бейім болады. Бастықтың көзіне түсу, мансапка жету, көп ақша табу – мақсат сол, осындай тұрмыс өмірдің мағынасы болуға айналған.

ХХІ ғасырдың ортасына қарай дене кемістігі бар адамдардың өмір сүруі жеңілдеп, жасанды көз бен құлақ пайда болуы мүмкін. Сонымен

наған білімі мен білігі өміріне жетіп артылатын болғанда дүние жинауға ұмтылған адам заманына лайық кісі деп саналмайды.

Аристотель: «білу мен түсіну – өнер, тәжірибе емес» дей келіп, «өнерді білген адам тәжірибесі мол адамнан ақылдырақ, өйткені ақыл көбірек білімге байланысты, тәжірибелі адам «не екенін» біледі, бірақ «қалай екенін» білмейді, өнерлі, яғни білімді әрі түсінігі мол адам «қалай» екенін де біледі. Сондықтан кәсіпті жақсы меңгерген адам тәжірибесімен өз көсібін ғана дұрыс атқарады, ал үйретуші мәселені қалай түйіндегені мен жолы қалай екенін айта алады» дейді.

ХХІ ғасырдың басты проблемалары: ауызсу, таза ауа, радиациялық залалдар, биологиялық қару, ақпарат

МАРСҚА ҰМТЫЛҒАН МАСК

Осы күні әлемдегі ең танымал адамдардың қатарында Илон Маск есімі жиі аталады. Forbes таратқан мәліметке сәйкес, кәсіпкер, инвестор және өнертапқыштың байлығы 21 млрд долларды жобалайды. Алайда, асқан танымалдық оған оңайлықпен келмегенін біреу білсе, біреу білмейді.



Илон Маск 1971 жылы қарапайым отбасында дүниеге келді. Қара жұмысқа қаршадайынан араласты. Бала күнінде әкешінің жолы екіге айырылып, бұл қатал әкесімен бірге қалды. Мектептегі қатарластары Маскті жиі шеттететін. Содан да ол томаға-тұйық боп өсті. Бірақ бұл көп оқуына, ізденуіне, ғылымға қызығушылығына бөгет бола алған жоқ. Масктің кәсіпке ікемі ерте кезден байқалған еді. Он екі жасында-ақ компьютерге арналған ойын жазып, оны 500 долларға сатты. Ең қызығы, алғашқы қомақты табысын бала бола тұрып ойыншыққа немесе тағамға емес, фармацевтикалық компанияның акциясына жұмсады. Және оны селселеген табыс күнінде өзіне қайтты. Кейін өнертапқыш Канадаға көшіп, оның белсенді тірлігі сол жерден басталды.

Дегенмен, Маск қандай қызметке кіріссе де, бірден жолы бола қойған жоқ. Университетті бітіріп, ғылым дәрежесін алғасын банкке жұмысқа орналасып еді, ол жерде ұзақ тұрақтай алмады. Қаржы ұйымның шығып қалғанын азғымен бірігіп, бағдарламалық камтамасыз ету бағытындағы сәулем айналыса бастады. Әкесінің жинаған ақшасының есебінен бастаған бизнестері екі-үш жылда жанданып, кейін фирманы тәуір ақшаға сатып жіберді. Сол ақшаға алғашқы өмір сүруге әбден болар еді. Бірақ Илонның арманы асқақ, мақсаты басқа болып шықты. Ол өзінің миллиондарын желіде желел аударым жасайтын компаниясына салып, арада біраз уақыт өткен

соң интернет компаниядан алыстап, арманына жол салды.

Бала күнінде фантастикалық шығармаларды көп оқығанының немесе бойына біткен таланттың әсері ме екен, Илон Маск үнемі ғарышқа адам қоныстандыру туралы ойлаумен болды. Ол кезде көбі бұған куліп ерсең да, Илон арманының бүгін болмаса, ерте орындалатынына имандай сенді.

Илон Маск қурған ең ірі әрі атакты компаниялардың бірі – SpaceX. Өзінің ғарыш қорабын жасап шығару жайлы идея америкалық кәсіпкер бірден келе қойған жоқ. Бір жолы ол Ресейге барып, жергілікті кәсіпкерден Кеңес одағы тұсындағы зымыранды сатып алуға тырысқан. Алайда, екі жақ бағаға келіспей, Илон Маск еліне қайтып, арманындағы дүниені өз еңбегімен құрастырауға кірісті. Зымыран жасаудан бұрық, электрообиль құрастыру ісі де оның қызығушылығын оғатты. Tesla басықшылармен тыныстығы оның арманына қанат бітіргендей еді. Дегенмен, бұл салаға қисапсыз қаржы жұмсауы оны біраз тығырыққа тіреді, сөзсіздіктерге ұшырады.

2008 жылы жағдай тіптен ұшықты. Зымыран ұшыру немесе автомобиль құрастыру тұрмақ, кәсіпорын жұмысшыларына төлейтін көк тиын қалған жоқ. Илон Масктің орнында басқа біреу болғанда бәріне қолын бір сілтер еді. Бірақ жағдай аяқастынан күрт өзгерді. Кәсіпорын әне-міне банкротқа ұшырайды деп тұрған жерінде кәсіпкер Tesla үшін ығығайлы

инвестор тауып, әп-сөтте өткеннің бәрі қалпына келе бастады.

NASA ғарыш агенттігі SpaceX компаниясымен келісім жасасып, 12 ұшырылым үшін 1,6 млрд доллар төледі. Осыдан кейін Масктің алдағы жолы сәттіліктерге толы болды. Оның жетекшілігімен Tesla жаңа автомобильдер шығарды, SpaceX компаниясы да тәуір жетістіктерімен танымалы. Ал ғарыш тарихындағы ең үлкен Falcon Heavy зымыран тасығышының ұшыруы сәтін тікелей трансляция арқылы бүкіл әлем көрді.

Илон Маск жаналан жоспарлар құрудан жалынқан емес және оларды іске асыруға барышына күш салып келеді. Оның кейбір идеялары жарыққа шығып үлгерсе, енді біреулерді өзгеге теория күйінде қалып отыр. Бірақ, өнертапқыш әрі кәсіпкер олардың да бір күні орындалатынына сенімді.

Масктің басты мақсаты – Марсқа қоныс аудару. Оның ойынша, біздің ғаламшарға алып астероид құлаған күні немесе жанартау атқылаған жағдайда жердегі тіршілік тоқтайды. Тіпті үшінші дүниежүзілік соғыстың әзі адамзатты жер бетінен жойып жіберуі ғажап емес. Маск сондықтан осы бастан Марстан орын сайлап қоя беру керектігін жиі көтеріп жүр. Және бұл арманын 2025 жылға дейін жүзеге асыруға уәде берді.

Әзірлеген
Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

SEMINAR

ЫСЫРАПШЫЛДЫҚ ЫРЫСТЫ БІРІСТІРДІ

Қазалы ауданында «Салт-дәстүр мен діни рәсімдер сабақтастығы» тақырыбындағы аудандық динтанымдық семинар өтті. Аудан Әкімінің орынбасары Ә.Жарылқағанов төрағалық еткен шараға ардагерлер, әйелдер кеңесі бастаушы ұйымдарының жетекшілері, мешіт имамдары, үкіметтік емес ұйымдар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Семинарда аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбанов ұрпағына тал бекіткен бастап тәрбие берген, бағырларын жыр қылған, адалдықты нәр қылған, үлкенді тыңдап, ата-анасын сыйлап, туған жерін жаудан қорғап, өнегелі өмір сүрген халқымыздың салт-дәстүрі кейінгі ұрпаққа бұржымас заң екенін атап өтті. Сондай-ақ, ол бүгінгі қоғамда

кезделестің кейбір келенсіз жағдайларға алаңдаушылық білдірді. Ақсақалдың «Жанқожа бабамыздың мазары Озбекстан мен Қазақстан арасындағы шекара аймағын анық белгілеп тұр. Батыр атамыздың мәңгілік мекені бізге бабалар қанын төгіп қорғаған күт мекеніміздің, туған жеріміздің тұтастығын сақтауды, қадірін бұлді аманаттағандай сезіледі» деуі жанымызды тебірентті.

Танымал ұстаз, ғалым Шарафдин Алтынбайұлының сөзіне көпшілік аса қызығушылықпен көңіл бөлді. Айтар ойын Құран сөзімен дәлелденген ол жаназастардың жасәудің өзінде де әлдеқімдермен бәсекесіне түсініп, «қалың конода» ұялып, ұрпақтармызға «ысырап» деген сөздің мағынасын түсіндіре алмаудан зардап шегетін буынға айналды деп қыжылды.

«Дәстүр сабақтастығы немесе бүгінгі

күннің ынсабы мен ысырабы» тақырыбында баяндама жасаған «Жанқожа батыр» мешітінің бас имамы Берік Сүлейменов дана Абайдың қара сөздерін жақсы білетінін, дүниетанымының кеңігін байқатты.

– Құнанбай жақының баласы Абай баллығына масаттанып, асып-тасып кеткен жоқ. Шығыстаудың етегін тұтас жапқан малы болса да, руханы байлыққа татмайтын ұқты. «Патша Құдай, сыйындырма тура баста өзің» деп өмірін дін жолына арнады. Дәстүрді берік ұстанды. Адалдықтан айырмады. Жаратқан неміз Жәбірәйлі (ғ.с.) арқылы түсірген Құраныңда: «Және де ысырап етпедің! Расында, ол (Алла) ысырап етудің бір жақсы көрмеуі» (Еңғам сүресі, 114-аят) деп қатан ескерткен. Осыдан кейін Тәңірдің ризашылығына беленгісі келетін жан болса, олайна жатар, – деген имам ләбізі баршаға ой тастағандай.

«Қожаңазар ишан» мешітінің имамы Кенжебай Берімбаев қатысушыларды жаназда құдай жолына берілетін ас мәзірімен таныстырды.

Жұмбаек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

АДАМЗАТТЫ БОЛАШАҚТА НЕ КҮТІП ТҮР?



құралдарының адам мінезін теріс әсері. Ең үлкен тоқырау экологияға байланысты болады. Адамзат табиғатты қорғауды шындық қолға алмаса, «сертенгі келер пайданы сезіну тапшылығы» жалғаса берсе, ғаламдық өзгерістер нәтижесінде өмір сүру режимі өзгеріске ұшырауы мүмкін.

Болашақтағы бұлғақтар ақпарат құралдары арқылы жүзеге асырылады. Ал тоқыраудың барлық түрінң ең қатерлісі – сенімнің тоқырауы.

Тағы 20-50 жылда қазіргі адамзат саны екі есе өседі. Басты проблема адамдардың жер бетіне сыйысуы және оларды азық-түлікпен қамтамасыз ету болмақ.

Дамыған елдерде қызмет көрсету саласы өсіп, өндіріс көлемі төмендеп келеді. АҚШ-та бүгінде өндіріс көлемі жалпы өнімнің 29,9 процентін, Ұлыбританияда – 30, Францияда – 28,7%-ті құрайды. АҚШ-тың ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемі жалпы өнімнің екі-ақ проценті. Соның өзінде өзге елдерден тамақ сатып алып жатқан жағдайы жоқ. Сондықтан біздің елімізде жалпы өнімнің 48%-ін ауыл шаруашылығы құрайтын еді, сол төмендеп кетті деу қисынсыз, олай болуы – біздің индустриясы дамып бара жатқан елге айналған бастағанымыздың белгісі.

Біздің тұрмыс деңгейіміз табиғи ресурстардың көптігіне тәуелді болудан қалатын кез алыс емес. Халықаралық сауда дамыған сәуір тауар алатын кезде ғана тұрмыс құратын болады. Отбасын құру жауапкершілігі келісімшарт арқылы реттеледі. Бала саны, оның дүниеге келуі жоспарлы түрде жүреді. «сүйікті бала – қалаулы уақытта» деген мақсат орнығады.

ХХІ ғасырдың екінші ширегінде көмір мен мұнайдың орнына отынның басқа түрі келуі мүмкін. Күніне 9-10 сағаттық жұмыс күні қайтадан келеді.

ХХІ ғасырда жаңа жетістіктер мен бұрын кездеспеген құбылыстар ашыла берді. Осыдан жүз жыл бұрын бар болғаны 12 химиялық элемент белгілі еді, қазір – 92. Дегенмен, кейде ашылып жатқан жаңалықтың ашылу мерзімі ғана белгіленеді, ал шын мәнінде ол жаңа нәрсе болмауы мүмкін.

ХХІ ғасырдың ең басты жетістігі өзінің ешқашан қиындық көрмеуіне сенімді, сондықтан дүние жинауға қызықпайтын адамдар көбейеді. Жи-

ды, табысады. Электрондық табысу бүгінгідей табысумен салыстырғанда қалайы әрі тиімді ғана емес, оны көңілдегідей алмастыру да мүмкін.

Отан деген сөзді біреулеріміз өз мемлекетіміз, кейбіреулер өз ауылымыз деп ойлаймыз. Интернет жүйесін ендіргелі осы ұғым кеңірек мағынаға ие болғандай. Ойткені Австралияда немесе Жапонияда жүріп өз елдіктерімен келергісіз әп-сөтте ауызба-ауыз, ие электрондық пошта жүйесі арқылы сөйлесе аласа, бару-келу кедергісі болса, онда сырт жерде жүріп-ақ өз отанында жүргендей сезінуге, өзін өз отанының азаматымы деп есептеуге болатын сияқты.

Компьютерлендіруді бірінші жақсы жағынан айтуға да болмайды. Оның нәтижесінде жасанды интеллект қалыптасып келеді. Жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық санаттарының ара жігі жоғалып барады.

ХХІ ғасыр – заңдарға, әсіресе адамгершілік заңдарына бағыну ғасыры болады. Оған алдымен сананы жетілуі, екіншіден, заңды орындамаудың тиімсіздігі себеп болмақ. Сөйтіп, адамгершіліктің жалпы ережелері бұдан төрт мың жыл бұрын негізі қаланған Шумер елі заңдарының бүгінгі жетілген түрлерімен кірігіп, тізе қосып әрекет етеді.

бірде, бүгінгі бағытқа сенсек, ХХІ ғасыр адамның орта жасы қазіргіден аналғурлым ұзағырақ болады деседі, зейнеткерлік жасы жетпіске барып, көмек қажет етпейтін, жасы жүзден асса да өзі тұрып-жүре алатын адамдар көбейетін сияқты.

Алдағы бір онжылдықтар үшін де бұрынғы Кеңес Одағының оншақты елі мен күні ыстық Африка адамдарынан басқалардың үйлену жасы 30-35 жасқа қарай көтеріледі. Жас адам алдымен өзін-өзі жеткізіп, бағып-қаға алатын кезде ғана тұрмыс құратын болады. Отбасын құру жауапкершілігі келісімшарт арқылы реттеледі. Бала саны, оның дүниеге келуі жоспарлы түрде жүреді. «сүйікті бала – қалаулы уақытта» деген мақсат орнығады.

ХХІ ғасырдың екінші ширегінде көмір мен мұнайдың орнына отынның басқа түрі келуі мүмкін. Күніне 9-10 сағаттық жұмыс күні қайтадан келеді.

ХХІ ғасырда жаңа жетістіктер мен бұрын кездеспеген құбылыстар ашыла берді. Осыдан жүз жыл бұрын бар болғаны 12 химиялық элемент белгілі еді, қазір – 92. Дегенмен, кейде ашылып жатқан жаңалықтың ашылу мерзімі ғана белгіленеді, ал шын мәнінде ол жаңа нәрсе болмауы мүмкін.

ХХІ ғасырдың ең басты жетістігі өзінің ешқашан қиындық көрмеуіне сенімді, сондықтан дүние жинауға қызықпайтын адамдар көбейеді. Жи-

Келесіге білікті, көпқырлы мамандар аса бағалы болады. Қарапайым қызметтердің ішінде балаларды тәрбиелейтін, қарттарға қарайтын қызметтерді адамдар көбірек керек етеді, яғни сауатты мен мейірімділігі қатар жүрген адамдарға жұмыс жетіп артылады. Адамдардың көбі тұрмыстық істерді өздері атқармайды, оның ішіндегі отбасы үшін аса жауапты жұмыстардың өзін ақы төлеп істететін болады.

Әзірлеген **Ж.ӘЛМАХАН.**

ЗАЙЫРЛЫ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЙЕЛДІҢ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ



Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың Студенттер сарайында осы тақырыпта семинар-тренинг өтті.

Шараға дінтанушы мамандар мен аймақтағы жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттері қатысты.

Жиында зайырлы қоғамдағы әйелдің орны, дінді ұстану ережелері мен құндылықтары жайында сөз қозғалды.

Шарада «Әзірет Сұлтан» мешітінің ұстазы Ақбөпе Тілегенова баланың ата-анаға берілген аманат екенін айтып, тәрбиеге баса мән беру қажеттігін жеткізді. Ал, «Парасат» консультативтік-әдістемелік орталығының директоры Индира Беркімбаева зайырлы мәдениет пен діни мәдениеттің ерекшелігіне тоқталды.

– Исламтануды оқыту мазмұны мен әдістемесі зайырлық пен төзімділік қағидағары, ар-ождан, діни сенім бостандығы және ой еркіндігі сынды еліміздің және халықаралық құқықтық құжаттар талаптарына сәйкес болуы тиіс. Исламтану мамандығының оқытуда заманауи ақпараттық-сараптамалық және оқу-әдістемелік негіздерге сүйену керек, – деді ол.

Семинарға арнайы келген Жамбыл облыстық дін істері басқармасы нақты орталығының инспекторы, дінтанушы-теолог Зейнеп Усенова әйелдер аудиториясымен діни экстремизмнің алдын алу бағытында жұмыс жүргізу мәселелерін қозғалды.

Семинар соңы еркін сұхбатқа ұласып, білікті мамандар сауалдарға жауаптар беріп, өз тәжірибелерін ортаға салды.

«Қожаңазар ишан» мешітінің имамы Кенжебай Берімбаев қатысушыларды жаназда құдай жолына берілетін ас мәзірімен таныстырды.

Жұмбаек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ҚАЛАЙ ЖҮРҮДІ?

Сыбайлас жемқорлық – қазіргі қоғамда белең алып отырған өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі. Ол еліміздің әлемдік қауымдастық алдындағы белеңін төмендетіп қана қоймай, әрбір кәсіптің еркін әрекетін әсіретеді.

Біздің мемлекетімізде сыбайлас жемқорлықпен күресуге бағытталған негізгі нормативтік құқықтық акт – Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңы. Сонымен қатар, Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы жасалып, ол қоғам өмірінде сәтті жүзеге асырылууда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті қоғамның әр мүшесі жүргізуі тиіс, себебі жемқорлықтың белең алуы өмірдің экономикалық және әлеуметтік деңгейін төмендетіп, азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделеріне шек қояды.

Елбасының биылғы Жолдауында тоғызыншы бағыт – «Жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі» аясында толымды пікірлер айтылған. «Мемлекеттік органдардағы процестерді, сонан ішінде олардың халықпен және бизнеспен қарым-қатынасын цифрландыру маңызды болып саналады. Атап айтқанда, азаматтар өз өтініштерінің қалай қарастырылып жатқанын көріп, дер кезінде сапалы жауап алуға тиіс» – делінген. Осы қағида бойынша алғаш «Қызлорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша тиімді жұмыс жүргізуде.

Әрбір Қазақстан Республикасының азаматы өз елдің азаматы ретінде мемлекетке зиянын келтірмей, өз ісіне жауапкершілікпен қарап, өзінің де, өзгенің де ар-ожданына тиіспей, мемлекет алдындағы жауапты ісін тиянақты орындауы керек.

Қ.ТҰРЫМТАЕВ,
облыс бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті бастығының орынбасары.

Zhas Project

ГРАНТҚА ИЕ БОЛ 1 000 000 ПОЛУЧИ ГРАНТ

ӨЗ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАҒЫҢАҒЫҢ УСЫН!

20 МАМЫР - 20 MAУСЫМ

zhasproject.kz

8 800 080 15 20

www.zhasproject.kz

Zhas Project

ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН БІРЕГЕЙ БАҒДАРЛАМА

ӨЗ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАҒЫҢАҒЫҢ УСЫН!

20 МАМЫР - 20 MAУСЫМ

zhasproject.kz

8 800 080 15 20

+7 700 080 15 20

Өз әлеуметтік жобаға МИЛЛИОН теңге ал! 14 жастан 29 жасқа дейінгі жастар үшін. Тольғырақ zhasproject.kz сайтында немесе 8 800 080 15 20 тегін телефоны бойынша.

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өнделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» – ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефоны нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 30315
Тапсырыс №795